

МАЗМҰНЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ	2
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ	4
2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	6
КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	10
ЕЛДЕГІ ЖӘНЕ САЛАДАҒЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ ЖАСАУ	16
ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ НАРЫҒЫНДАҒЫ КОМПАНИЯНЫҢ ПОЗИЦИЯЛАРЫ	52
КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ	54
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	68
КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ	84
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	102
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ	136
ГЛОССАРИЙ	276
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	278

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



Ғалымжан Таджияков

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті клиенттер мен серіктестер!

2018 жылы «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ барлық стратегиялық бағыттар бойынша межеленген мақсаттарға қол жеткізді, осылайша Қазақстан Республикасының халқын қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету ісінде мемлекеттің саясатын іске асырып жатқан өзінің тиімді қаржылық оператор ретіндегі рөлін тағы да айғақтады.

Компания жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған адамдарға сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйді беруге қатысты «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды аяқтап келеді. Осы бағыт бойынша бағдарлама іске қосылған сәттен бастап бүкіл Қазақстан бойынша 18 000 отбасы үшін бір миллион шаршы метрден аса жалға берілетін тұрғын үй салынды.

Жалға берілетін тұрғын үй салу, инженерлік және әрлеу жұмыстарын жүргізу кезінде қазақстандық өндірушілер қатыстырылды, бұл, өз кезегінде, көптеген қалаларда жаңа жұмыс орындарын ашуға және құрылыс секторын өсіруге серпін берді.

Сонымен қатар бағдарлама жаңа қалалық аумақтарды инфрақұрылымдық дамытудың



қозғаушы күшіне айналды қала тұрғындары мен жергілікті муниципалдық биліктің ынтымақтастығы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

Компанияның жағымды қаржылық жетістіктерін атап өткім келеді, бұл басқару командасының жоғары кәсіпқойлығы мен жолға қойылған жұмысының жемісі болып табылады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның ипотекалық қоржынының көлемі 43,1 млрд теңгені құрады. Компанияның жалпы табысы 18,7 млрд теңгені құрады. Таза табыс 4,6 млрд теңгеге жетті, бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 25%-ға жоғары. Мемлекеттік бюджетке төленген салықтар 600 млн теңгені

құрады. 2018 жыл ішінде қарапайым акциялар бойынша төленген дивидендтер 1,1 млрд теңгеге жетті.

2019 жылы «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ Қазақстан Республикасы халқының тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі маңызды әлеуметтік міндетті шеше отырып, 2023 жылға дейін таңдалған Даму стратегиясын ұстануды жалғастырады.

Мен Компаниямыздың командасына ерең еңбектері үшін, серіктестерімізге бірлескен жобалар үшін, ал клиенттерге көрсеткен сенімдері үшін алғысымды білдіремін!

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ



Әділ Мұхаметжанов

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ
Басқарма төрағасы

Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымы болып табылатын «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ-тың 2018 жылғы жылдық есебін назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ Қазақстанның 16 өңірінде өз қызметін жүзеге асырып келе жатқан тұрақты, қарқынды дамып келе жатқан қаржы институты болып табылады. 19 жылдың ішінде біз жеті мемлекеттік және салалық бағдарламаны іске асыруға атсалыстық, сондай-ақ жеке өзіміз даму үшін бірқатар маңызды қадамдар жасадық.

2018 жылы Компания өзін халықаралық аренада Азиялық қайталама ипотекалық нарық қауымдастығының (ASMMA) жаңа мүшесі ретінде танытты, сондай-ақ Халықаралық қайталама ипотека нарығының операторлары қауымдастығында Орталық Азия және Кавказ елдерінің өкілетті өкілі ретінде сайланды. Біз үшін бұл тұрғын үй заемдарын алу жағдайларын жақсартуға арналған жаңа тетіктерді зерделеудің және тәжірибе алмасудың, соның нәтижесінде азаматтардың өмір сүру сапасын барынша жоғары қамтамасыз етудің тамаша мүмкіндігі.

Қазақстан ипотекалық компаниясының негізгі міндеттері – тұрғын үйге қол жетімділікті арт-



тыру және елдің экономикалық белсенді халқын кеңінен қамту арқылы тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру жолымен ипотекалық нарықты дамытуды ынталандыру.

2018 жылы Компания қызметінің маңызды бағыттарының бірі «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыру болған. Ағымдағы есептік кезеңде компания 97,46 мың м2 жалға берілетін тұрғын үйді немесе 1 734 пәтерді пайдалануға берді. Жаңа жылдан бастап Компанияның жұмысы жалға берілетін қорға қызмет көрсетуге және жалға алушылардың салынған нысандарда жайлы тұруын қамтамасыз етуге бағытталады.

Ипотекалық кредит беруді дамыту және меншікті ипотекалық қоржынды ұлғайту мақсатында компания 2018 жылдың қазан айында жаңа

ипотекалық өнімді іске қосты. «Орда» ипотекасы жеке тұлғаларға серіктес банктер арқылы ипотекалық қарыз беруді қарастырады.

Біз үшін ең маңыздысы – кредит беру рейтингін сақтау. «ҚИК» ИҰ» АҚ – сенімді, табанды әрі тұрақты қаржы институты, оны ең ірі Moody's халықаралық агенттігі «Ваа3» деңгейінде және Fitch «BBB-» деңгейінде куәландырып отыр.

Алдағы жылдары Компания алдында, атап айтқанда біздің командамыздың алдында мемлекеттік және меншікті қаржылық бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша үлкен міндеттер тұр.

2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

ҚАҢТАР

- ❖ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 24 қаңтардағы шешіміне сәйкес, Жалғыз акционердің өкілі А. А.Арифхановтың «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ Директорлар кеңесінің (әрі қарай – Директорлар кеңесі) мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Директорлар кеңесінің мүшесі Жалғыз акционердің өкілі ретінде Ф. Б. Таджикиковты сайлады.
- ❖ Компания бухгалтерлік есептің жаңа 9 ҚЕХС (IFRS) стандартына көшті, күтілетін кредит шығындардың ECL үлгісін енгізді.

АҚПАН

- ❖ Компания 10 жыл айналымда жүрген және кірістілігі жылдық 10,50%-ды өтей алатын KZ2COY10F013 (KZ2C00003333, KZIKb27) облигацияларын KASE-ке орналастыра отырып, 6,0 млрд теңге тартты.

НАУРЫЗ

- ❖ Компания «Мемлекеттік, қоғамдық және әлеуметтік бағдарламаларды алға жылжыту саласындағы ең үздік жоба» аталымы бойынша қоғамдық байланыстарды дамыту саласындағы жыл сайынғы «Ақ Мерген – 2018» республикалық сыйлығына қатысты.

МАМЫР

- ❖ Компания Азиялық қайталама ипотекалық нарық қауымдастығының жаңа мүшесі атанды. Бұл қауымдастықтың мүшелері: National Mortgage corporation of Malaysia «Cagamas», Japan Housing Finance Agency, Korea Housing Finance Corporation, Mongolia Mortgage Corporation, National Home Mortgage Finance Corporation (Philippines), PT Sarana Multigriya Financial (Indonesia), Secondary Mortgage Corporation (Thailand).
- ❖ Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан

халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 наурызында бекіткен жаңа редакциясына сәйкес.

- ❖ Компания Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы бойынша өтініштер қабылдауды бастады. Компания Дүниежүзілік банктің бастамасы бойынша Вашингтонда өткен және Breaking the Mold-New Ideas for Financing Affordable Housing («Тәртіпті бұзу – қолжетімді тұрғын үйді қаржыландыруға арналған жаңа идеялар») ұранымен өткен тұрғын үйді қаржыландыру жөніндегі 8-ші халықаралық конференцияға қатысты. Конференция қорытындысы бойынша Жапония, Корея, Қазақстан, Үндістан, Әзірбайжан, Малайзия, Кения, Ямайка, Моңғолия, Алжир, Қырғызстан, Танзания, Нигерия және

т.б. басқа елдер Халықаралық қайталама ипотека нарығының операторлары қауымдастығын (ISMMA) құру туралы шешім қабылдады. Қауымдастықты құрудың мақсаты – тұрғын үйді қаржыландыруды тұрақты дамытуды қамтамасыз ету үшін тәжірибе алмасу және бірлесіп шешімдер іздеу. Компания ISMMA-дағы Орталық Азия және Кавказ елдерінің өкілетті өкілі болып сайланды.

МАУСЫМ

- ❖ Қазақстан Республикасы Үкіметінің (2018 жылғы 22 маусымдағы № 372) шешіміне сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «7-20-25»¹ жаңа ипотекалық бағдарламасының іске қосылуына байланысты Компания «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау саласындағы қызметін аяқтады. Бағдарламаны жүзеге асыру кезінде 37,21 млрд теңгеге тең 3 566 қарыз мақұлданды.

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысымен бекітілген.

² Бұрын - ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы

ШІЛДЕ

- ❖ Алматыда 53 отбасы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған «Нұрлы жер»² тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын (әрі қарай – «Нұрлы жер» бағдарламасы) іске асыру шеңберінде сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй алды.

ТАМЫЗ

- ❖ Компания 10 жыл айналымда жүрген және кірістілігі жылдық 9,65%-ды өтей алатын KZ2COY10F013 (KZ2C00003333, KZIKb27) облигацияларын KASE-ке орналастыра отырып, 5,4 млрд теңге тартты.
- ❖ «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Петропавлда 116 отбасы сатып алу құқығымен баспананы жалға алды.

ҚЫРКҮЙЕК

- ❖ «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Ақтауда 478 отбасы сатып алу құқығымен баспананы жалға алды.

- ❖ Компания Қазақстан БҰҰДБ және ҚР Инвестициялар және даму министрлігі ұйымдастырған «Орталық Азия елдеріндегі тұрғын үй қорын басқару, бабында ұстау және жаңғырту» атты халықаралық конференцияны ұйымдастырушылардың бірі болды.

ҚАЗАН

- ❖ Fitch рейтинг агенттігі Компанияның шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді дефолт рейтингтерін «Тұрақты» болжамы бар «BBB-» деңгейінде екенін куәландырды. Шетел валютасындағы қысқа мерзімді рейтинг «F3» деңгейінде деп расталды. Компанияның айналымдағы басым борыштық міндеттемелерінің ұзақ мерзімді рейтингі «BBB-» деңгейде деп расталды.
- ❖ Компания халыққа ипотекалық кредит берудің жаңа «Орда» бағдарламасын іске қосты.

- ❖ Компания «Орда» ипотекалық кредит берудің жаңа бағдарламаларын іске асыру шеңберінде «Цеснабанк» АҚ-пен, «ЦентрКредит банкі» АҚ-пен ынтымақтастық туралы келісімдер жасады.

ҚАРАША

- ❖ «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қарағанды мен Петропавлда 226 отбасы сатып алу құқығымен баспананы жалға алды.
- ❖ Компания «Орда» ипотекалық кредит берудің жаңа бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Kassa Nova банкі» АҚ және «BI Capital» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы келісімдер жасады.
- ❖ «Цеснабанк» АҚ «Орда» бағдарламасы бойынша 121,6 млн теңгеге алғашқы үш қарыз берді.

ЖЕЛТОҚСАН

- ❖ Компания үкіметтік қарыз бойынша 9 млн теңге мөлшерінде сыйақы, сондай-ақ KZ2COY10F013 (KZ2C00003333, KZIKb27)

мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша 1 018 млн теңге мөлшерінде купондық сыйақы төледі.

- ❖ Компания «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржа алаңында «private placement» жолымен 15 жыл айналымда жүрген, кірісі жылдық 9,58%-ды құрайтын 20,0 млрд теңгеге меншікті облигацияларын орналастырды.
- ❖ Moody's халықаралық рейтинг агенттігі «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ-қа «Тұрақты» болжамы бар «Ваа3» деңгейіндегі шетелдік және ұлттық валютадағы дефолттың ұзақ мерзімді рейтингтерін (РДЭ) берді.
- ❖ Ұлттық және шетел валюталарындағы эмитенттің қысқа мерзімді рейтингі «P-3» деңгейінде расталды.
- ❖ «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде Нұр-Сұлтанда 80 отбасы сатып алу құқығымен баспананы жалға алды.

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Компания, «ҚИК» ИҰ» АҚ) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2000 жылғы 20 желтоқсандағы № 469 қаулысына сәйкес Тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру және ипотекалық кредит беруді дамыту тұжырымдамасын іске асыру мақсатында құрылды және қызметі мемлекеттік тұрғын үй саясатын іске асыруға бағытталған посткеңестік кеңістіктегі алғашқы ипотекалық ұйымдардың бірі.

Компанияны құрудың мақсаты – мемлекет халқына ипотекалық қарыздардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және ипотекалық кредит берудің қайталама нарығын дамыту, оның ішінде капитал нарығына инвестициялар тарту есебінен екінші деңгейлі банктерден және ипотекалық ұйымдардан ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу арқылы дамыту болып табылады. Компанияның бизнес-үлгісі Fannie Mae және Freddie Mac (АҚШ) сияқты танымал компаниялардың тәжірибесіне негізделген.

Негізгі қызметті Компания 2001 жылы бастады және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы ең ірі банктік емес қаржы институттарының бірі болып табылады.

Ипотеканың қайталама нарығын дамыту жөніндегі қызметтен бөлек Компания кейіннен сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйді беру бойынша «Нұрлы жер»³ бағдарламасын сәтті іске асырып келеді, сондай-ақ екінші деңгейлі банктердің (әрі қарай – ЕДБ) халыққа берген тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау жөніндегі қаржы агенті болып табылады.

Компанияның жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (әрі қарай – «Бәйтерек» холдингі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) болып табылады. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша «Бәйтерек» холдингі компанияның дауыс беретін акцияларының 100%-ын иеленеді.

³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 маусымдағы № 372 қаулысымен бекітілген (бұрын – «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы).

01.01.2019 ж. жарғы капиталының құрылымы туралы мәліметтер.	
Мәлімделген акциялар саны	13 681 600 дана
Орналастырылған акциялар саны	6 331 380 дана
Сатып алынған акциялар саны	250 000 дана

1 акцияның номиналды құны 10 000 теңгені құрайды. Қарапайым акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығы бар акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамның таза табысы және акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі жасалған кезде дивиденд алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғам мүлкі таратылған жағдайда оның бір бөлігін алу құқығын береді.

Компанияның бас кеңсесі Алматы қаласында орналасқан. Қазақстан Республикасының 15 өңірінде өңірлік өкілдіктер жұмыс істейді.

Компанияның миссиясы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік саясатқа сәйкес және «Бәйтерек» холдингін дамытудың стратегиялық ба-сымдықтары шеңберінде қалыптастырылады.

МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ

КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ – Қазақстан Республикасының азаматтарына тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру.

ПАЙЫМЫ – ипотекалық кредит беру және

жалға берілетін тұрғын үй беру тетіктері арқылы Қазақстан Республикасының халқын тұрғын үйдің қолжетімділігімен қамтамасыз ету саласындағы мемлекет саясатының тиімді қаржы операторы болу,

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР МЕН ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР:



1. Ипотекалық нарықты дамытуды ынталандыру;
2. Компанияның бағыттары бойынша мемлекеттік бағдарламаларда белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу;
3. Қызметтің тиімділігін арттыру.

ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ:


1. Екінші деңгейлі банктердің ипотекалық қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу және ипотекалық бағалы қағаздар шығару;

2. «Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй» бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру;
3. Банк-агенттер арқылы халыққа ипотекалық кредит беру, тікелей ипотекалық кредит беру;
4. «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде екінші деңгейлі банктер халыққа беретін ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау.

ДАМУ ТАРИХЫ



ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ
(2018 жылғы 4 желтоқсандағы жағдай бойынша)




ЕЛДЕГІ ЖӘНЕ САЛАДАҒЫ МАКРО-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ ЖАСАУ



ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Алдын ала бағалау бойынша, 2017 жылдағы кезеңмен салыстырғанда 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ЖІӨ 4,1%-ға өскен.


ЖІӨ ӨЗГЕРУ ҚАРҚЫНЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

6 негізгі саланың (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда, көлік, байланыс) даму динамикасын қамтитын қысқа мерзімді экономикалық индикатор 104,7%-ды құрады..

ЖІӨ ҚҰРЫЛЫМЫ: ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

Салалар бойынша инвестициялардың айтарлықтай өсуі өнеркәсіпте (27,1%-ға, 6 562,7 млрд теңгеге дейін), құрылыста (20,6%-ға, 116,5 млрд теңгеге дейін), жылжымайтын мүлікпен

жасалатын операцияларда (20,1%-ға, 1 424,2 млрд теңгеге дейін), ауыл шаруашылығында (14,2%-ға, 395,6 млрд теңгеге дейін) байқалды..

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында саудада (7,6%-ға), көлік саласында (4,6%-ға), өнеркәсіп пен құрылыста (4,1%-ға), ауыл шаруашылығында (3,4%-ға) және байланыс қызметтерінде (2,6%-ға) өсудің оң қарқыны байқалды.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,1%-ға артты. Өсім тау-кен өнеркәсібі мен өңдеуші өнеркәсіп өндірісінің үйлесімді ұлғаюына байланысты.

Тау-кен өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда темір кенін өндірудің 6,5%-ға, табиғи газдың 5,5%-ға және шикі мұнайдың 4,8%-ға өсуі есебінен өндіріс 4,6%-ға өскен.

Машина жасау өндірісінің 14,1%-ға, мұнай өңдеу өнімдерінің 8,8%-ға, химия өнеркәсібінің 8,1%-ға, қағаз және қағаз өнімдерінің 4,9%-ға, жеңіл өнеркәсіптің 4,4%-ға және резеңке және пластмасса өнімдерінің 3,1%-ға өсуі есебінен өңдеу өнеркәсібі 4,0%-ға артқан.

Қара металлургия өндірісінде 1,7%-ға төмендеу байқалады.

Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны кондиционирлеу 2,4%-ға өсті. Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі 1,0%-ға төмендеді.

Мал шаруашылығы өнімінің 3,9%-ға және егіншілік шаруашылығының 3,1%-ға артуы есебінен ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің өсуі 3,4%-ды құрады.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 4,1%-ға өсті. 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында тұрғын үйлерді пайдалануға беру 12,1%-ға өсті, бұл Маңғыстау (40,8%-ға), Атырау (27,2%-ға), Түркістан (21,7%-ға) және Жамбыл (21,3%-ға) облыстарында тұрғын үйлерді іске қосу қарқынының едәуір өсуі нәтижесінде орын алды.

Көлік қызметінің көлемі 4,6%-ға артты. Байланыс қызметінің көлемі 2,6%-ға артты. Бөлшек және көтерме сауда көлемі 7,6%-ға өсті. 2019 жылдың 1 қаңтарында екінші деңгейлі банктердің экономика саласына берген кредиті 13 091,8 млрд теңгені құрап, 2018 жылдың басындағыдан 3,0%-ға артқан. Заңды тұлғаларға берілетін кредит жыл басынан бері 4,6%-ға, 7 789,1 млрд теңгеге дейін азайды, ал жеке тұлғаларға берілген кредит 16,8%-ға, 5 302,6 млрд теңгеге дейін өсті.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында жаңадан берілген кредит көлемі 13 460,4 млрд теңгені құрап, 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,4%-ға артты.

Берілген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі 2018 жылдың желтоқсан айында 12,3%-ды құрады.

Ұзақ мерзімге берілген кредиттер бойынша мөлшерлеменің 2018 жылдың қаңтар айында 16,9%-дан бастап 2018 жылдың желтоқсан айында 12,9%-ға дейін, қысқа мерзімді кредиттер бойынша 13,1%-дан 11,8%-ға дейін төмендеуі байқалады.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында қысқа мерзімді кредит беру көлемі 2017 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,9%-ға, 7 341,7 млрд теңгеге дейін (54,5% үлесі) артты, ал ұзақ мерзімді кредит беру көлемі 30,2%-ға, 6 118,7 млрд теңгеге дейін (45,5% үлесі) артқан.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы жаңа кредиттер негізінен саудаға (4 679,9 млрд теңге – 34,8% үлесі) және өнеркәсіпке (2 105,8 млрд теңге – 15,6% үлесі) бағытталды.

Құрылысқа 533,4 млрд теңге (4,0% үлесі), көлік саласына – 395,3 млрд теңге (2,9% үлесі), сондай-ақ ауыл шаруашылығына – 112,0 млрд теңге (0,8% үлесі) бағытталды.

Экономиканың өсуінің негізгі факторлары: инфляциялық қысымның әлсіреуі, жоғары инвестициялық белсенділік және экономиканың негізгі салаларында оң қарқынның сақталуы.

Инфляция 2018 жылы 5,3%-ды құрады және белгіленген дәліз шегінде (5,0-7,0 %) тұр. 2017 жылмен салыстырғанда инфляция деңгейі 1,8 п. т. төмендеді.

Дүниежүзілік банк⁴ экономистерінің зерттеулеріне сәйкес, инфляцияның төмен және тұрақты деңгейі ипотекалық нарықты дамытудың негізгі шарты болып табылады. 2019 жылы инфляцияның нысаналы дәлізі 4-6%, ал орта мерзімді перспективада 3-4% деңгейінде белгіленген. Инфляцияның өсуіне жол бермеу және оны жоспарланған нысаналы дәлізде ұстап қалу үшін Үкімет және Ұлттық Банк ішкі нарықта бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруды жалғастырады. Тұтыну бағасына әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар шұғыл түрде қадағаланатын болады, бәсекелестік ішкі нарықтардың дамуын, баға келісімі мен жосықсыз бәсекелестікке қарсы күресті ескере отырып, азық-түлік тауарлары мен отын бағаларын тежеу шаралары іске асырылды.


Төмен инфляция ипотека нарығын дамыту үшін қажетті, бірақ жеткілікті емес шарт болып табылады.

2019 жылдың 1 қаңтарында депозиттер 18 553,2 млрд теңгеге жетіп, жыл басынан бері 6,0%-ға артты, оның ішінде жеке тұлғалардың

⁴ «Ипотекалық кредит беру: жаңа мәліметтер және талдау», авторлары: А.Бадев, Т.Бэк, Л.Вадо, С.Валли.



ИНФЛЯЦИЯ, %



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

депозиттері 6,6%-ға, 8 656,8 млрд теңгеге дейін, заңды тұлғалардың депозиттері 5,4%-ға, 9 896,5 млрд теңгеге дейін өскен.

Ұлттық валютадағы депозиттердің үлесі 2018 жылғы желтоқсан айында 50,6%-дан 2019 жылдың қаңтар айында 51,6%-ға дейін артты.

Айналымдағы қолма-қол ақша көлемі (M0 – банк жүйесінен тыс ақша) жыл басынан бері 16,1%-ға артып, 2 260,2 млрд теңгені құрады.

Ақша массасы (M3 – банктік емес заңды тұлғалардың, яғни резиденттер мен халықтың ұлттық және шетелдік валюталардағы айналымдағы және аударылатын және басқа да депозиттеріндегі қолма-қол ақша сомасы) 2018 жылдың басынан бастап 7,0%-ға, 20 813,4 млрд теңгеге дейін өсті.


2018 жылғы желтоқсанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы 1 АҚШ доллары үшін 369,4-384,2 теңгені құрады, 2018 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 1 АҚШ доллары орташа алғанда, 344,7 теңгені құрады.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер 10 924,7 млрд теңгені құрап, жылдық жоспардың 101,8%-ы орындалды. Шығындар 11 757,7 млрд теңгені құрады және жылдық жоспардың 99,7%-ы орындалды, оның ішінде шығын – 11 346,1 млрд теңге немесе 99,7%. Жетіспеушілік 8 33,1 млрд теңгені немесе ЖІӨ-нің 1,4%-ын құрады.

2019 жылдың 1 қаңтарында кепілдіктер мен кепілдемелерді ескергенде, мемлекеттік қарыз 16 045,4 млрд теңгені құрап, 2018 жылдың басымен салыстырғанда 14,7%-ға артты.

2019 жылдың 1 қаңтарында елдің халықаралық резерві 88,6 млрд АҚШ долларын құрады, оның ішінде Ұлттық Банктің алтын валюта активтері – 30,9 млрд АҚШ долларын, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтері – 57,7 млрд АҚШ долларын құрады.

ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ, МЛН АДАМ



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 18,4 млн адамды құрады. 2018 жылдың басынан халықтың өсуі 1,3%-ды құрады. Қала халқының үлесі 58%-ды, ауыл халқының үлесі 42%-ды құрайды.


Жұмыспен қамтылған халық саны 8,7 млн адамды немесе ел тұрғындарының жалпы санының 47,5%-ын құрайды. Еңбек нарығы салыстырмалы түрде тұрақты жағдайда, ресми жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ды құрайды.



2019 жылғы 14 қаңтардағы жағдай бойынша күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы жан басына шаққанда 27 072 теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,9%-ға жоғары.

2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда халықтың орташа жан басына шаққандағы номиналды ақшалай табысы 1,1 млн теңгені (немесе айына орташа 92 703 теңге) құрап, 2017 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 11%-ға өсті.

ХАЛЫҚТЫҢ ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ НОМИНАЛДЫ, НАҚТЫ КІРІСІ МЕН ТҰТЫНЫЛАТЫН ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРГЕ БЕЛГІЛЕНГЕН БАҒАНЫҢ ӨЗГЕРУ ҚАРҚЫНЫ



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2018 жылы халықтың нақты ақшалай табысының индексі 2017 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға өсті, сонымен қатар 2018 жылы тауарлар мен қызметтердің тұтыну бағасының индексі 6%-ға өсті.

2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысы

162 267 теңгені құрады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 8,4%-ға өсті. Сонымен қатар 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы нақты жалақы индексі өткен жылдың сәйкес кезеңінде 102,3%-ды құрады.

2018 ЖЫЛДАҒЫ БІР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ОРТАША АЙЛЫҚ НОМИНАЛДЫ ЖАЛАҚЫСЫ

Өңірлер	Бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысы, теңге	Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысы, %	Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, қаңтар-желтоқсан айларындағы нақты жалақы индексі, %
Қазақстан Республикасы	162 267	108,4	102,3
Ақмола облысы	120 523	109,4	103,0
Ақтөбе облысы,	137 522	109,1	103,5
Алматы облысы,	115 616	105,4	99,2
Атырау облысы	296 191	112,8	106,8
БҚО	153 356	110,9	104,7

Өңірлер	Бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысы, теңге	Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысы, %	Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, қаңтар-желтоқсан айларындағы нақты жалақы индексі, %
Жамбыл облысы	109 171	108,6	102,6
Қарағанды облысы	149 490	111,3	105,3
Қостанай облысы	125 514	107,7	101,8
Қызылорда облысы	129 702	105,2	98,9
Маңғыстау облысы	276 135	108,9	102,0
Павлодар облысы	140 877	107,1	101,0
СҚО	110 205	106,1	100,3
Түркістан облысы	103 929	105,8	100,3
ШҚО	139 885	111,2	105,2
Нұр-Сұлтан қаласы	237 538	105,6	98,9
Алматы қаласы	201 815	107,1	101,0
Шымкент қаласы	114 531	104,7	99,0


Осылайша, 2018 жылдың қорытындысы бойынша елдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері есімінің оң қарқыны байқалады.

ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ НАРЫҒЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Статистика комитетінің мәліметтері бойынша ҚР тұрғын үй қорының жалпы ауданы 2018 жылдың басында 347,4 млн м² құрады, оның ішінде қалалық жерлерде – 219,1 млн. және ауылдық жерлерде – 128,3 млн. м².

ЖЫЛ СОҢЫНДА ХАЛЫҚТЫ ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАРҚЫНЫ, МЫҢ АДАМ.




Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында тұрғын үй құрылысына 1162 млрд теңге жұмсалды, бұл 2017 жылға қарағанда 8,1%-ға артық. Тұрғын ғимараттардың жалпы санынан

37 376 жеке үй, 1 237 көп пәтерлі үй пайдалануға берілді. 113,7 мың пәтер салынды, бұл 2017 жылға қарағанда 12,8%-ға көп.

ТҰРҒЫН ҮЙДІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ҚАРҚЫНЫ



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үйлердің жалпы ауданының 1 м² құрылысына жұмсалған орташа нақты шығын 104,8 мың теңгені, жеке құрылысшылар салған тұрғын үйлерге 77,9 мың теңгені құрады.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 12,5 млн. м² немесе 113 740 пәтерді құрады, бұл 2017 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 12,1%-ға жоғары.

2018 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-ЖЕЛТОҚСАН АЙЛАРЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ АУДАНЫ


Өңірлер	Пайдалануға берілген тұрғын үйлер, жалпы ауданның м ²	2017 жыл, %	Пәтер саны, бірлік	2017 жыл, %
Қазақстан Республикасы	12 521 149	112,1	113 740	112,8
Ақмола	477 986	112,1	4 707	129,1
Ақтөбе	908 635	114,7	7 875	119,3
Алматы	713 207	110,4	5 175	101,9
Атырау	793 890	127,2	5 734	109,2
Батыс Қазақстан	432 225	110,2	3 992	104,3
Жамбыл	482 298	121,3	4 203	123,4
Қарағанды	416 690	111,4	4 135	121,9
Қостанай	299 279	113,1	3 172	119,5



Өңірлер	Пайдалануға берілген тұрғын үйлер, жалпы ауданның м ²	2017 жыл, %	Пәтер саны, бірлік	2017 жыл, %
Қызылорда	699 599	114,3	6 208	116,3
Маңғыстау	1 173 217	140,8	10 376	148,0
Павлодар	284 041	117,4	2 865	118,1
Солтүстік Қазақстан	218 113	109,0	2 068	102,9
Түркістан	387 796	121,7	3 003	105,2
Шығыс Қазақстан	410 534	108,0	4 332	119,1
Нұр-Сұлтан қ.	2 378 052	100,8	23 460	104,0
Алматы қ.	2 006 366	105,5	18 506	112,3
Шымкент қ.	439 221	109,1	3 929	84,7


Осылайша 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру көлемін ескергенде, 2018 жылдың соңында жалпы тұрғын үй ауданы 360 млн м² құрады.

2018 ЖЫЛЫ БЕРІЛГЕН ТҰРҒЫН ҮЙ КӨЛЕМІН ЕСКЕРГЕНДЕГІ ҚР ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ, МЛН М²



Елдегі бір тұрғынға шаққанда орташа есеппен, тұрғын үймен қамтамасыз ету 2018 жылдың басындағы жағдай бойынша 21,6 м² құрады, қалалық жерде – 24,1 м², ауылдық жерде – 18,2 м² құрады.

БІР ТҰРҒЫНҒА ШАҚҚАНДА ТҰРҒЫН ҮЙМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ




Дереккөз: Қазақстан Республикасының 2017 жылғы тұрғын үй қоры туралы // ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші республикалық маңызы бар көрсеткіштерден айтарлықтай жоғары, тиісінше 27,1 және 29,8 м². Дегенмен Қазақстан бұл көрсеткіш бойынша БҰҰ стандарттарынан (бір адамға 30 м²) және дамыған елдердің көрсеткіштерінен (Франция – 40 м², АҚШ – 70 м², Австрия – 43 м²) артта қалып отыр. Тұрғын үй құрылысының және пайдалануға берудің қазіргі қарқынымен 18,4 млн. адамды баспанамен (тұрғын алаңы бір адамға кемінде 15 м²) қамтамасыз ету үшін 16 жылдан аса уақыт керек.

Тұрғын үйге қол жеткізу деңгейіне әсер ететін негізгі факторларға тұрғын үйдің құны, сондай-ақ халықтың табысының деңгейі жатады. Республика бойынша жаңа тұрғын үйді сату-дың орташа бағасы 2018 жылы 1 м² үшін 266,9 мың теңгені құрады, абаттандырылған тұрғын үйді қайта сату бағасы – 1 м² үшін 186 мың теңге, жалға алу ақысы - 1 м² үшін 1 384 теңге.

ТҰРҒЫН ҮЙДІ САТУДЫҢ ЖӘНЕ ҚАЙТА САТУДЫҢ ОРТАША БАҒАСЫ



Дереккөзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Жаңа тұрғын үйлерді сатудың ең жоғары бағасы Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақтау және Атырау қалаларында тіркелген. Ең төмен баға (орташа республикалық маңызды көрсеткіштің 40%-ынан төмен) Ақтөбе, Қызылорда, Орал, Павлодар, Петропавл, Талдықорған және Тараз қалаларында. Сонымен қатар Тараз және Талдықорған қалаларында жаңа тұрғын үй «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында, Қызыл-

лорда және Петропавл қалаларында «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында іске асырылуда.

Қайталама тұрғын үйдің бағасына келер болсақ, Ақтау, Атырау, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында тұрғын үй құны 1 м² үшін 249,3-тен 345,8 мың теңгеге дейін белгіленген, бұл орташа республикалық мәннен 34-86%-ға жоғары. Қайталама тұрғын үйдің төмен бағасы Ақтөбе, Жезқазған, Қызылорда қалаларында тіркелген.

2018 ЖЫЛДАҒЫ БІРІНШІ ЖӘНЕ ҚАЙТАЛАМА НАРЫҚТАРДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰНЫ

Қалалар	Жаңа тұрғын үйді сату бағасы, 1 м² үшін мың теңге	Абаттандырылған тұрғын үйді қайта сату бағасы, 1 м² үшін мың теңге	Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу бағасы, 1 м² үшін мың теңге
Қазақстан Республикасы	266,9	186	1 384
Нұр-Сұлтан	340,7	345,8	2 689
Алматы	327,4	344,3	2 265
Шымкент	317,3	170,2	1 232
Ақтау	284,6	249,3	2 047
Ақтөбе	154,3	148,6	1 334
Атырау	326,3	263,2	1 706
Жезқазған	0	143,9	1 262
Көкшетау	192,4	179,8	1 254
Қарағанды	201,6	179	1 586
Қостанай	195,6	181,6	1 317
Қызылорда	141	132,1	1 096



Қалалар	Жаңа тұрғын үйді сату бағасы, 1 м ² үшін мың теңге	Абаттандырылған тұрғын үйді қайта сату бағасы, 1 м ² үшін мың теңге	Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу бағасы, 1 м ² үшін мың теңге
Орал	147,9	158,3	1 098
Өскемен	231	168,8	1 306
Павлодар	146,6	150,4	1 140
Петропавл	140	183,9	1 300
Семей	172,3	153,8	1 131
Талдықорған	141,2	185,1	1 038
Тараз	116	178,5	1 015
Түркістан	0	159,6	1 501

Дереккөз: 2018 жылғы қыркүйектегі тұрғын үй нарығындағы бағалар // ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Price to Income Ratio (PIR, тұрғын үйге қолжетімділік коэффициенті) коэффициенті бойынша тұрғын үйдің қолжетімділігін бағалау қалаларда тұратын Қазақстанның үй шаруашылықтарына орташа ауданы 51 м² тұрғын үй сатып алу үшін шамамен 3 жылдық еңбек ақы талап етілетінін көрсетеді. Тұрғын үй қол-

жетімділігінің халықаралық градациясына сәйкес «Қазақстанда тұрғын үйге қол жеткізу оңай емес». Бір жыл бұрын тұрғын үйге қолжетімділік коэффициенті үй шаруашылықтарына тұрғын үй сатып алу үшін кемінде 5 жылдық еңбек ақы талап етілетінін атап өткен жөн.

⁵ Әлемдік тәжірибеде қолданылатын тұрғын үйге қолжетімділіктің негізгі көрсеткіштері // Экономикалық талдау: теория және практика 12 (2016), 111-124 б. Есептеу формуласы: $PIR = (PC * S) / (\Delta * N * 12)$, мұндағы PC - бастапқы және қайталама нарықтардағы 1 м² тұрғын үйдің орташа нарықтық құны, S - бір үй шаруашылығына арналған тұрғын үйдің нормативтік алаңы, Δ - айына жан басына шаққандағы орташа табыс, N - үй шаруашылығы отбасы мүшелерінің саны, 12 - бір жылдағы ай саны.

PIR КОЭФФИЦИЕНТІ БОЙЫНША ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ

Қалалар	Бастапқы және қайталама нарықтардағы тұрғын үйдің 1 м ² орташа нарықтық құны, мың теңге	Үй шаруашылығының көлемі, адам	Бір үй шаруашылығына қажет тұрғын үйдің нормативтік ауданы, м ²	Халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы, теңге	Тұрғын үйдің қолжетімділік деңгейі, жыл
	PC	N	S	Δ	$PIR = \frac{PC * S}{\Delta * N * 12}$
Қазақстан Республикасы	226,45	3,4	51	92 703	3,1
Нұр-Сұлтан	343,25	3,3	49,5	146 892	2,9
Алматы	335,85	2,8	42	140 542	3,0
Шымкент	243,75	4,3	64,5	57 330	5,3
Ақтау	266,95	4,3	64,5	124 603	2,7
Ақтөбе	151,45	3,8	57	77 701	2,4
Атырау	294,75	4,4	66	180 115	2,0
Көкшетау	186,1	3,2	48	80 898	2,9
Қарағанды	190,3	3	45	93 267	2,6
Қостанай	188,6	2,8	42	82 799	2,8

Қалалар	Бастапқы және қайталама нарықтардағы тұрғын үйдің 1 м ² орташа нарықтық құны, мың теңге	Үй шаруашылығының көлемі, адам	Бір үй шаруашылығына қажет тұрғын үйдің нормативтік ауданы, м ²	Халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы, теңге	Тұрғын үйдің қолжетімділік деңгейі, жыл
	PC	N	S	A	
Қызылорда	136,55	5	75	66642	2,6
Орал	153,1	3,5	52,5	94925	2,0
Өскемен	199,9	2,8	42	86005	2,9
Павлодар	148,5	2,8	42	93274	2,0
Петропавл	161,95	2,8	42	78573	2,6
Талдықорған	163,15	3,7	55,5	66917	3,0
Тараз	147,2	3,9	58,5	61651	3,0
Түркістан	159,6	4,3	64,5	45276	4,4

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің 2018 жылғы деректері, Компанияның жеке есептері

Өңірлік бөлініс тұрғысынан алған кезде, тұрғын үйге қолжетімділік деңгейі аз жағына да, көп жағына да ауытқиды. Тұрғын үйді салыстырмалы түрде қолжетімді деп санауға болатын өңірлерге Орал және Павлодар

қалалары (PIR көрсеткіші 2 жылға тең) жатады. Шымкент және Түркістан қалаларында тұрғын үй қолжетімді емес (PIR көрсеткіші тиісінше 5,3 және 4,4 жылдарға тең).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ НАРЫҒЫ


2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚР жиынтық ипотекалық қоржыны 1 386 млрд теңгені құрады, оның ішінде:

❖ екінші деңгейлі банктердің (ЕДБ) ипотекалық қоржыны – 1 303 млрд теңге (94%), оның ішінде 662,3 млрд теңге⁶ –

бұл «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ қоржыны (елдің жиынтық қоржынының 48%-ы);

❖ ипотекалық ұйымдардың ипотекалық қоржыны – 83 млрд теңге (6%).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ИПОТЕКАЛЫҚ ҚОРЖЫННЫҢ КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ




Дереккөз: ҚР Ұлттық банкінің, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-тың жылдық есептерінің мәліметтері

⁶ ТҰҚЖБ-ның 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы аудиттелмеген қаржылық есептілігі.

2018 жылдың қорытындысы бойынша ЕДБ ипотекалық қоржынының көлемі 1 303 млрд теңгені құрады, оның ішінде 1 255 млрд теңге – ұлттық валютада (немесе жалпы көлемнің

96%-ы), 48 млрд теңге – шетелдік валютада (4%). Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 18,9%-ға өскен.


2015-2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕДБ-НЫҢ ИПОТЕКА ҚОРЖЫНЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

Өңірлік бөлініс тұрғысынан алған кезде ЕДБ жалпы ипотекалық қоржынының 52%-ы Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына тиесілі екен.


ЕЛДІҢ ӨҢІРЛІК БӨЛІНІС ТҰРҒЫСЫНАН АЛҒАН КЕЗДЕГІ ЕДБ ИПОТЕКАЛЫҚ ҚОРЖЫНЫ, МЛРД ТЕҢГЕ (2019 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

ЖІӨ көлеміндегі жиынтық ипотекалық қоржынның үлесі 2018 жылы 2,4%-ды құрады.

ЖІӨ-ГЕ ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУДІҢ ҮЛЕСІ, %



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі




ЕДБ халыққа берген ипотекалық кредиттер

2018 жылы халыққа 525 млрд теңге сомасына ипотекалық кредит берілді, бұл 2017 жылғы деңгейден 47%-ға жоғары. Өткен жылы ЕДБ берген ипотекалық қоржынның жалпы

көлеміндегі ипотекалық кредиттің үлесі 41%-ды құрады.


Ипотекалық кредит берудің орташа айлық көлемі 44 млрд теңгеге тең⁷. 2017 жылмен салыстырғанда ипотекалық кредит берудің орташа айлық көлемі 1,5 есеге өсті.

ЕДБ-НЫҢ 2015-2018 ЖЫЛДАРЫ ХАЛЫҚҚА ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, жеке есептер


2015-2018 ЖЫЛДАРЫ ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУДІҢ ОРТАША АЙЛЫҚ КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



⁷ 2015-2018 жылдардың қаңтар-желтоқсан айларында кредит берудің орташа айлық көлемі талданатын кезеңдегі кредит беру көлемінің талданатын кезеңдегі ай санына қатынасы ретінде есептелген.

Берілген ипотекалық кредиттің жалпы сомасының 52%-ы Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына тиесілі.

ЕДБ-НЫҢ ХАЛЫҚҚА ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ КӨЛЕМІ (МЛРД ТЕҢГЕ) ЖӘНЕ 2018 ЖЫЛЫ КРЕДИТ БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕГІ ӨҢІРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ (%)



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, жеке есептер




Ипотекалық кредит беру елдің барлық өңірінде дерлік өсті.

2017-2018 жылдар кезеңінде берілген кредит көлемінің 50%-дан астамы 4 өңірде өскені

байқалады, олар: Алматы қ., Жамбыл, Алматы және Ақтөбе облыстары. Қалған өңірлерде кредит берудің өсуі 4-49% аралығында болған.

2017-2018 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІНДЕ ӨҢІРЛЕР БӨЛІНІСІНДЕ БЕРІЛГЕН ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ КӨЛЕМІНІҢ ӨСУІ, %




Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, жеке есептер

Жалпы алғанда, ЕДБ берген барлық кредит көлеміндегі ипотекалық кредиттердің үлесі 2018 жылы 3,9%-ды құрады. Өңірлер бөлінісінде берілген кредиттің жалпы көлеміндегі ипо-

тека үлесі 1,5-тен 16%-ға дейінгі ауқымда. 2016-2018 жылдары берілген кредит көлемінде ипотеканың Нұр-Сұлтан қ. үлесі 4 есеге өсті, бұл ел бойынша ең жоғары көрсеткіш.


ЕДБ-НЫҢ 2018 ЖЫЛЫ БЕРГЕН КРЕДИТ КӨЛЕМІНДЕГІ ИПОТЕКА ҮЛЕСІ



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, жеке есептер

2018 жылы берілген ипотекалық кредит бойынша орташа сыйақы мөлшерлемесі 9%-ды құрады (2017 жылға қарай -1 т.т.).

БАНКТЕРДІҢ АЗАМАТТАРҒА ТҰРҒЫН ҮЙ САЛУҒА ЖӘНЕ САТЫП АЛУҒА БЕРГЕН КРЕДИТТЕРІ БОЙЫНША ОРТАША АЛЫНҒАН СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ, %



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

Сонымен қатар ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің деңгейі пайыздық мөлшерлемелердің өзгермейтін дәлізімен 9,25%-ды +/- 1 п. т. құрайды.

Жеке тұлғаларға ипотекалық кредит беру нарығындағы бәсекелестік орта.

2018 жылы мемлекет нарығында ипотекалық кредитті 28 ЕДБ-ның 12-сі, сондай-ақ 2 ипотекалық ұйым берді.

Сегіз банк («Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Цесна Банк» АҚ, «Центр Кредит Банкі» АҚ, «РБК банкі» АҚ, «Форте Банк» АҚ, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ) жеке бағдарламалары шеңберінде ұсынатын ипотекалық өнімдерден бөлек, «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдар-


ламалары (бұл бағдарламалардың операторы «Баспана» ИҰ» АҚ) бойынша ипотека ұсынды. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» (ҚТҚЖБ) АҚ – қоржыны 100% халыққа берілетін тұрғын үй қарыздарынан тұратын жалғыз банк. 2018 жылы ҚТҚЖБ берген қарыз көлемі 347 млрд теңгеден асты. 2018 жылдың қорытындысы бойынша ипотекалық кредит беру көлеміндегі ҚТҚЖБ үлесі 66%8-ды құрады.

ЕДБ берген ипотекалық қарыздардың жалпы көлемінің 34%-ы қалған 11 банкке тиесілі.


2018 жылдың қорытындысы бойынша «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламаларын іске асыру шеңберінде ЕДБ 50,28 млрд.теңге9 сомасына ипотекалық қарыз берді, бұл ЕДБ берген ипотекалық қарыздың жалпы көлемінің 9,6%-ын құрады.



2018 ЖЫЛЫ БЕРІЛГЕН ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗ КӨЛЕМІНДЕГІ ҚТҚЖБ ЖӘНЕ БАСҚА ЕДБ ҮЛЕСІ, МЛРД ТЕҢГЕ



2018 ЖЫЛЫ ҚТҚЖБ ЖӘНЕ БАСҚА ЕДБ БЕРГЕН ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗ КӨЛЕМІ



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, жеке есептер


Осылайша «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары бойынша берілген кредитті ескергенде, ипотеканы беру көлеміндегі

банктердің үлесі 34%-ды, «7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламалары бойынша берілген кредитті есепке алмағанда 24%-ды құрады.



Компания 2019 жылы ипотекалық кредит беру көлемін 548 млрд теңгеге дейін, ал 2023 жылы 1 027 млрд теңгеге дейін арттыруды болжап отыр.

2019-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ КӨЛЕМІНІҢ БОЛЖАМДЫ МӘНДЕРІ




Дереккөз: Компанияның жеке есептері

Қазақстан Республикасындағы жалға берілетін тұрғын үй нарығы

Ипотекалық кредит берумен қатар, азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту құралдарының бірі ұзақ мерзімді жалға беру болып

табылады. Батыс Еуропа елдерінде тұрғын үй қорындағы жалға берілетін тұрғын үй үлесі 30-50%-ды құрайды екен. Еуропа елдеріндегі жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамытудың негізгі қозғаушысы еңбек көші-қонының жоғары деңгейі болып табылады.

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕЛДЕРІНДЕГІ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙ ҮЛЕСІ

Дереккөз: Eurostat statistics



Шет елдерде мемлекет жалға алу нарығына негізінен мынадай жағдайлар арқылы қатысады:

- ❖ жалдау ақысын реттеу (Чехия, АҚШ, Аргентина);
- ❖ тұрмысы төмен азаматтарды субсидиялау (АҚШ, Ұлыбритания, Австралия);
- ❖ тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үй беретін жалға алушыларды субсидиялау (АҚШ);
- ❖ жалға алу, жалға алу үшін кепіл ақысын төлеуге несие беру, берешекті өтеу (Австралия);
- ❖ жалға алынатын тұрғын үйді басқару үшін қоғамдық ұйымдар мен кооперативтерді тарту (Нидерланды, Канада, Ұлыбритания);
- ❖ әлеуметтік және коммерциялық жалға беру үшін көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелерін жеңілдік жағдайлары негізінде бөлу (АҚШ, Қытай, Бразилия);
- ❖ әлеуметтік жалға алу үшін тұрғын үй құрылысын субсидиялау (Канада, Чехия, Қытай).

Қазақстанда кейін сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй мемлекеттік тұрғын үй саясатының арқасында соңғы жылдары белсенді дамып келе жатқан, жылжымайтын мүлік нарығындағы тұжырымдамалық жаңа бағыт болып табылады. Мемлекет ұлттық жалға берілетін нарықты дамытуды қолдау барысында негізінен халықтың әлеуметтік осал топтарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету басты назарға алынған. Дәстүрлі ипотекамен салыстырғанда кейін сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйді сатудың айтарлықтай артықшылықтары бар, ол – бастапқы жарнаның болуы талап етілмейді, бұл халық үшін қиындық туғызып жатады. Жалға алушының өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін бұл тұрғын үйдің иесі мемлекеттік бағдарламаның операторы болып қалуының арқасында осындай мүмкіндік беріліп отыр, соның нәтижесінде жалгер өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда оның тәуекелдері азайтылды.

Қазақстанда жалға берілетін тұрғын үйдің ашық нарығын құру шарттарының бірі халықтың әртүрлі жіктерінің ұзақ мерзімді жалға алу (кейін сатып алу құқығымен де, сатып алу құқығынсыз да) қажеттілігін өтеуге мүмкіндік беретін жалға берілетін тұрғын үй қорын қалыптастыру болып табылады.

2009 жылдан бастап Қазақстанда қабылданған мемлекеттік бағдарламалар шең-

берінде жалға берілетін тұрғын үй салу және пайдалануға беру жүзеге асырылуда.

ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙДІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ҚАРҚЫНЫ, МЫҢ М².

	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	Барлығы, 2012-2018 жылдар аралығы
Мемлекеттік бағдарлама бойынша жалға берілетін тұрғын үй	481	690,5	607,4	707,5	536,7	947,9	551	4522

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жалға берілетін тұрғын үйді жергілікті атқарушы органдар, «ҚИК» ИҰ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ ұсынады.

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде құрылған жалға берілетін тұрғын үй қоры 2012 жылдан бастап 2018 жылдың қараша айына дейін 4,5 млн м2 құрады.

Жалпы тұрғын үй қорындағы көрсеткіш үлесі 1,3%-ды құрады.


ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтеріне сәйкес, 2018 жылы абаттандырылған тұрғын үйді жалдау ақысы 1 м2 үшін 1 384 теңгені құрады. 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 4%-ға өскен.




ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ НАРЫҒЫНДАҒЫ КОМПАНИЯНЫҢ ПОЗИЦИЯЛАРЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ИПОТЕКАЛЫҚ ҚОРЖЫНДАҒЫ КОМПАНИЯНЫҢ ҮЛЕСІ



ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ИПОТЕКАЛЫҚ ҚОРЖЫНЫНДАҒЫ КОМПАНИЯНЫҢ ҮЛЕСІ



КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ



Компанияның Қазақстан Республикасының азаматтарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді арттыру **МІНДЕТІНЕ** сәйкес, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ-тың 2014-2023¹¹ жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес **ҮШ НЕГІЗГІ МІНДЕТ** айқындалды:

1. Ипотекалық нарықты дамытуды ынталандыру;
2. «ҚИК» ИҰ» АҚ бағыттары бойынша мемлекеттік бағдарламаларда белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу;
3. «ҚИК» ИҰ» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру

Негізгі міндеттерді іске асыру келесі **ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ** бойынша жүзеге асырылды:

1. ЕДБ ипотекалық қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу және ипотекалық бағалы қағаздар шығару;
2. «Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй» бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру;
3. Банк-агенттер арқылы ипотекалық кредит беру, тікелей ипотекалық кредит беру;
4. Екінші деңгейлі банктердің «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында халыққа беретін ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау.

¹¹ «ҚИК» ИҰ» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 1 шілдедегі № 6 шешімімен бекітілген.


ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҚТАРЫН САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ШЫҒАРУЫ

2018 жылы Компания 4,9 млрд теңге сомасына ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқығын, сондай-ақ 10 млрд теңге сомасына «Центр Кредит банкі» АҚ-тың номиналды құны бойынша жылдық 11,75%-ы өтелетін кірісі бар

ипотекалық бағалы қағаздарын сатып алды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша не-сие (ипотекалық) қоржынының және сатып алынған ипотекалық бағалы қағаздардың көлемі 53,1 млрд.теңгені құрады..

ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҚТАРЫН САТЫП АЛУ ТЕТІГІ



1. Банктер халыққа ипотекалық кредит береді.
2. Банктер «ҚИК» ИҰ» АҚ берген ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын береді.
3. «ҚИК» ИҰ» АҚ қаржыландыру тарту үшін ипотекалық облигацияларды шығарады.
4. Инвесторлар «ҚИК» ИҰ» АҚ-тың ипотекалық облигацияларын сатып алады.
5. «ҚИК» ИҰ» АҚ жаңадан берілген ипотекалық қарыздардың талап ету құқықтарын сатып алады.

«НҰРЛЫ ЖЕР» БАҒДАРЛАМАСЫН «САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫМЕН ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША ІСКЕ АСЫРУ

2014 жылдың басынан бастап Компания «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй» бағыты бойынша жалға берілетін тұрғын үйді салу, сатып алу және сату бойынша белсенді қызметін бастады.

Жалға берілетін тұрғын үйді сату кейіннен сатып алуға құқық беретін, 20 жылға дейінгі мерзімге жалға беру жолымен жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуіне бағытталған Компания қызметінің әлеуметтік маңызы бар саласы болып табылады.

Бұл бағытты іске асыруға 163,3 млрд теңге көлемінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (115 млрд теңге) және республикалық бюджет (19,1 млрд теңге) қаражатынан жеңілдікпен кредит алу, сондай-ақ «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы шеңберінде Компанияның жарғылық капиталын 29,2 млрд теңгеге ұлғайту есебінен қаржыландыру көзделген.


2019 жылы Компания бағдарламаның шарттарына сәйкес, ЖАО-да кезекте тұрғандарға кейіннен сатып алатын тұрғын үйді сатып алу және жалға беру жөніндегі қызметін аяқтайды және жалға берілетін қорға қызмет көрсетуге шоғырландырылады.

2018 жылы Компания 97,46 мың м2 жалға берілетін тұрғын үйді немесе 1 734 пәтерді пайдалануға берді. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компания бағдарламаны іске асырған сәттен бастап барлығы 1054,78 мың м2 жалға берілетін тұрғын үйді немесе 18 583 пәтерді пайдалануға берді.


Бағдарламада елдің 20-дан астам қаласы қамтылған, оның ішінде Орал, Ақтөбе, Ақтау, Қостанай, Петропавл, Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Семей, Өскемен, Алматы, Тараз және тағы басқалар. 17 197 отбасы жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етілген.



ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ КӨЛЕМІ



САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫ БЕРІЛЕТІН ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН БАСПАНАНЫ САТУ ТЕТІГІ



БАНҚ-АГЕНТТЕР АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚҚА ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ, ТІКЕЛЕЙ ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ

Ипотекалық кредит беруді дамыту және меншікті ипотекалық қоржынды ұлғайту мақсатында Компания 2018 жылдың қазан айында «Орда» ипотекалық бағдарламасын іске қосты.

«Орда» ипотекалық бағдарламасы еркін ақша қаражаты түріндегі жинағы бар немесе бастапқы жарна ретінде қатты кепілді ұсынуға мүмкіндігі бар, жайлылығы анағұрлым жоғары санатты (тұрғын үйдің құны 25 млн теңгеден жоғары) орташа нарықтан төмен мөлшерлеменен тұрғын үй (бастапқы немесе қайталама) сатып алуға ниет білдірген, орта және орта деңгейден жоғары табысы бар жеке тұлғалардың тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған.


Осы бағдарламаны іске асыру тетігі ЕДБ-дан ипотекалық қарыздарды сатып алу рәсімін

жеделдетуге мүмкіндік берді, Компания банктерге талап ету құқықтарын беру процесін оңтайландыруды және банктің Компания атынан қарыз беруді жүзеге асыруы арқылы кепіл құқығын қайта тіркеуді ұсынды.

«Орда» ипотекалық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Цеснабанк» АҚ, «Центр-Кредит банкі» АҚ, «Kassa Nova банкі» АҚ, «Vi Capital» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы келісім жасалды.

2018 жылдың қазан-желтоқсан айларында «Орда» ипотекалық бағдарламасы бойынша қабылданған өтінім саны 1574,8 млн. теңге сомасына 123 бірлікті құрады, оның ішінде 1 242,3 млн. теңге сомаға берілген 103 өтінім мақұлданды, 666,6 млн. теңге сомасына 60 ипотекалық қарыз берілді.

2018 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН-ЖЕЛТОҚСАН АЙЛАРЫНДА «ОРДА» ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН, МАҚҰЛДАНҒАН ӨТІНІМДЕР МЕН БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР САНЫ



«ОРДА» ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУДІҢ МЕНШІКТІ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІГІ



БАНК


Кредиттік досье жасау және беру ҚР заңнама талаптарына сәйкес, қызметтерді уақытында төлеу

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ



«ҚИК» ИҰ» АҚ


Қарыз беру бойынша қызметтерді уақытында төлеу



ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ БІР БӨЛІГІН СУБСИДИЯЛАУ

Бұрын қабылданған тұрғын үй бағдарламасы¹² аясында Компания ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау тұрғысынан қаржы агенті болып белгіленді..

ЕДБ-НЫҢ ХАЛЫҚҚА БЕРГЕН ИПОТЕКАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРЫН СУБСИДИЯЛАУ ТЕТІГІ



¹² ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы.

Бағытты іске асыру кезеңінде жалпы сомасы 38,395 млрд теңгеге 3 673 өтініш келіп түсті, оның ішінде жалпы сомасы 37,206 млрд теңгеге 3 566 шарт мақұлданды, жалпы сомасы 36,242 млрд теңгеге 3 473 субсидиялау шарты жасалды. Бағдарламаға 7 банк қосылды: «АТФ Банк» АҚ, «ЦентрКредит банкі» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі»

АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ, ВТБ банкі (Қазақстан) АҚ ЕҰ.

«Нұрлы жер» бағдарламасының бекітілуіне (2018 жылғы 22 маусымдағы № 372) және «7-20-25» бағдарламасының іске қосылуына байланысты Компания ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қызметін аяқтады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНҚ-ГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ (АҒЫМДАҒЫ НӘТИЖЕЛІЛІК)

№	ҚНҚ	2017	2018
1 міндет. Ипотекалық тұрғын үй нарығын және ипотекалық бағалы қағаздарды дамытуды ынталандыру			
1.	Тұрғын үйді сатып алуға арналған субсидияланатын ипотекалық тұрғын үй қарыздарының көлемі, млрд теңге	12,1	36,24
2.	Жаңа тұрғын үйді сатып алуға арналған субсидияланған ипотекалық тұрғын үй қарыздарының саны, бірлік	1196	3473
3.	Талап ету құқығын сатып алу көлемі / ИБҚ сатып алу көлемі, млрд теңге	4,1	14,9

№	ҚНҚ	2017	2018
4.	Несие (ипотекалық) қоржынының* және сатып алынған ИБҚ көлемі, млрд теңге	50,0	53,1
5.	Кредиттік қоржындағы жеке сектордың үлесі, %	100	100
6.	Тартылатын инвестициялар көлемі, млрд теңге	15,0	30,9
2 міндет. «ҚИК» ИҰ» АҚ бағыттары бойынша мемлекеттік бағдарламаларда белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу			
7.	Қолдау құралдары ұсынылған тұрғын үй көлемі (2014 жылдан бастап ақша жинақтаумен), мың м ²	957	1054,7
8.	Жалға беру қоржынының көлемі*, млрд теңге	115,7	139,3
9.	Тұрғын үйдің толтырылуы, %	85	100
3 міндет. «ҚИК» ИҰ» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру ROA, %			
10.	ROA, %	1,46	1,78
11.	Жалпы активтерден кредиттік және инвестициялық қоржынның үлесі, %	81,3	73,6
12.	Есептік жылдағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі, %	100	100
13.	Еңбек өнімділігі, млн теңге / адам	56,4	68,1

* Баланстық құны

2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНҚ
(ЖОСПАР)

№	ҚНҚ	2019	2020	2021
1 міндет. Ипотекалық тұрғын үй нарығын және ипотекалық бағалы қағаздарды дамытуды ынталандыру				
1.	Талап ету құқығын сатып алу көлемі / ИБҚ сатып алу көлемі, млрд теңге	19,9	20,0	20,0
2.	Несие (ипотекалық) қоржынның* және сатып алынған ИБҚ көлемі, млрд теңге	60,9	73,3	86,6
3.	Кредит қоржынындағы жеке сектордың үлесі, %	100	100	100
4.	Тартылатын инвестициялар көлемі, млрд теңге	21,08	6	0
2 міндет. «ҚИК» ИҰ» АҚ бағыттары бойынша мемлекеттік бағдарламаларда белгіленген көрсеткіштерге қол жеткізу				
5.	Қолдау құралдары ұсынылған тұрғын үй көлемі (2014 жылдан бастап жинақтауы бар), мың м ²	1148,98	1225,81	1225,91
6.	Жалға беру қоржынының көлемі*, млрд теңге	150,2	171,2	171,3
7.	Тұрғын үйдің толтырылуы, %	100	100	100

№	ҚНҚ	2019	2020	2021
3 міндет. «ҚИК» ИҰ» АҚ қызметінің тиімділігін арттыру				
8.	ROA, %	1,91	1,95	2,14
9.	Жалпы активтердегі кредиттік және инвестициялық қоржынның үлесі, %	79,4	91,1	91,8
10.	Есепті жылдағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі, %	100	100	100
11.	Еңбек өнімділігі, млн теңге / адам	75,6	96,1	106,4

* Баланстық құны




КОМПАНИЯНЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ



2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компания активтері 267,3 млрд теңгені, міндеттемелер көлемі – 205,4 млрд теңгені, меншікті капитал – 61,9 млрд теңгені, пайда – 4,6 млрд теңгені құрады.


МЛРД ТЕҢГЕ




Активтер құрылымындағы 69% ипотекалық қарыздар және тікелей ипотекалық кредит беру бойынша талап ету құқықтарын сатып алу нәтижесінде қалыптастырылған несиелік қоржынға және қаржылық лизинг (жалға алу қоржыны) бойынша дебиторлық берешекке тиесілі

Міндеттемелер құрылымындағы негізгі үлес ҚР Қаржы министрлігі мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (65%) алған қарыздарға, сондай-ақ Компанияның шығарған бағалы қағаздарына (32,6%) тиесілі. Міндеттемелердің аздаған үлесі кредиторлық берешекке (1,5%) және салық аударымдары түріндегі өзге де міндеттемелерге (0,9%) тиесілі.


АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




МІНДЕТТЕМЕЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



МЛРД ТЕҢГЕ



АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




Компанияның жалпы табысы 2018 жылы 18,7 млрд теңгені, шығындар – 14,1 млрд теңгені, таза табыс – 4,6 млрд теңгені құрады.

Жалпы кірістің 74%-ы өнімді сатудан, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерден түскен кірістерге тиесілі.

Шығыстар көлемінің 64%-ы орналастырылған салымдар бойынша, бағалы қағаздар және РЕПО операциялары бойынша сыйақыларды төлеуге тиесілі.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

№	Қаржылық көрсеткіштер	2017	2018
1.	EDITDA, млрд теңге	10,5	12,8
2.	EBITDA margin, %	85,2	92,6
3.	NI margin, %	21,3	24,6
4.	Меншікті капитал / Қарыз капиталы, %	32,7	30,9
5.	ROA, %	1,46	1,78
6.	ROE, %	6,73	7,65
7.	Таза кіріс, млрд теңге	3,6	4,6
8.	Қызметтің рентабельділігі, %	29,6	35,7
9.	Орташа есептелген УЕА, %	9,56	11,48
10.	Жалпы шығын / Негізгі қызметтен түскен кіріс, %	20,1	21,6
11.	Борыш/меншікті капитал, %	3,26	3,32
12.	Борыш / EBITDA, %	18,23	16,11
13.	Несие қоржынына шаққандағы провизия деңгейі, %	2,5	2,85
14.	Таза пайыздық маржа, %	4,86	3,69
15.	Компания спрэді, %	3,56	2,25
16.	Өтем (IC), %	1,9	1,7
17.	Ағымдағы өтімділік коэффициенті, %	4,02	16,07

КОМПАНИЯНЫҢ ИПОТЕКАЛЫҚ ҚОРЖЫНЫ

МЛН ТЕҢГЕ



2018 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның ипотекалық қоржынының көлемі провизияны алып тастағанда, 43,1 млрд теңгені құрады.

Ипотекалық қоржын бойынша провизиялар 4,7 млрд теңге деңгейінде қалыптасты.

Компания Ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқығын сатып алу бойынша 14 серіктеспен жұмыс істейді, олардың ішінде банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар бар. Компанияның жеке қызмет көрсететін қоржыны 37,8%-ды құрайды.

СЕРІКТЕСТЕР ТҰРҒЫСЫНАН АЛҒАНДАҒЫ КОМПАНИЯНЫҢ ИПОТЕКАЛЫҚ ҚОРЖЫНЫ

Серіктес банк	Жиынтық құны (млн теңге)	Кредит саны (дана)	Ипотекалық қоржындағы меншікті үлес (%)
«ҚИК» ИҰ» АҚ	18 065,2	2751	37,83
«AsiaCredit Bank» АҚ	10 609,8	1286	22,22
«Еуразия банкі» АҚ	4 488,6	1913	9,40




Серіктес банк	Жиынтық құны (млн теңге)	Кредит саны (дана)	Ипотекалық қоржындағы меншікті үлес (%)
«АТФ Банк» АҚ	3 864,4	1280	8,09
«Forte Bank» АҚ	2 913,1	1753	6,10
«Kaspi Bank» АҚ	2 523,1	1388	5,28
«Қазақстан Халық банкі» АҚ	1 377,4	816	2,88
«Экспресс Қаржы» ИҰ» АҚ	1 038,9	44	2,18
«ЦентрКредит банкі» АҚ	936,3	677	1,96
«Астана Ипотека» АҚ	632,1	540	1,32
«Нұрбанк» АҚ	569,8	318	1,19
«Tengri Bank» АҚ	285,9	60	0,60
«Цеснабанк» АҚ	281,9	161	0,59
«АРИО» АҚ	106,8	14	0,22
«Сбербанк» АҚ ЕБ	60,1	42	0,13
БАРЛЫҒЫ	47 753,27	13 043	100

Қоржынның жалпы көлемінің 52%-ы кері сатып алу міндеттемесінсіз ипотекалық қарыздарға тиесілі.

30% - кері сатып алу үлесі бар қарыздар (ипотекалық қарыздар бойынша негізгі борыш қалдығының жалпы мөлшерінің 20% және 25% аспайды).

18% - кері сатып алу міндеттемесі бар ипотекалық қарыздар (көбінесе Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары).



КОМПАНИЯНЫҢ ЖАЛДАУ ҚОРЖЫНЫ

Компания «Нұрлы жер» бағдарламасына және «Жеке бағдарламасына» сәйкес қаржылық жалдау шарттарын жасау арқылы тұрғын үй кешендерін жалға береді.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Қаржылық жалдау шарттарының әрекет ету мерзімі - 20 жыл. Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында айлық жалдау төлемдерінің шекті лимиттері 1 м2 үшін 1 120 теңгені, қалған өңірлерде 1 м2 үшін 924 теңгені құрады.

«Жеке бағдарлама» бойынша қаржылық жалдау шарттарының әрекет ету мерзімі - 20 жыл. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі 11,5% және 13% құрайды.

2018 жылы жалдау қоржынының көлемі 141,1 млрд теңгені құрады, оның ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша - 139,3 млрд теңге, «Жеке бағдарлама» бойынша - 1,8 млрд теңге.

ӨҢІРЛЕР БӨЛІНІСІНДЕГІ КОМПАНИЯНЫҢ ЖАЛДАУ ҚОРЖЫНЫ

Өңірлер	Жиынтық құны (млн теңге)	Жалдау қоржынындағы меншікті үлес (%)
Алматы қ.	47 981,50	33,82
Нұр-Сұлтан қ.	3 466,60	2,44
Ақмола облысы	3 592,30	2,53
Ақтөбе облысы	16 156,40	11,39
Алматы облысы	8 694,80	6,13
Атырау облысы	622,7	0,44
ШҚО	3 921,30	2,76
Жамбыл облысы	3 670,40	2,59
БҚО	4 192,70	2,96
Қарағанды облысы	2 125,00	1,50
Қостанай облысы	2 994,00	2,11
Қызылорда облысы	10 882,30	7,67
Маңғыстау облысы,	7 947,00	5,60
Павлодар облысы,	3 618,00	2,55
СҚО	2 732,10	1,93
Түркістан облысы	19 281,00	13,59
БАРЛЫҒЫ	141 878,30	100

КОМПАНИЯНЫҢ ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙІНІҢ ІРІ НЫСАНДАРЫ



Нысан: Алматы қ., Алғабас-1 ш/а
Жалпы ауданы: 86 349,2 м²
Пәтер саны: 1 748
Пайдалануға берілген күні: 21.12.2016



Нысан: Алматы қ., Жас Қанат ш/а
Жалпы ауданы: 54 656,5 м²
Пәтерлер саны: 954
Пайдалануға берілген күні:
31.08.2017 және 05.09.2017



Нысан: Шымкент қ., Нұрсәт ш/а.
Жалпы ауданы: 56 201,4 м²
Пәтер саны: 1 080
Пайдалануға берілген күні: 19.06.2015



Нысан: Алматы облысы, Қарасай
ауданы, Іргелі ауылы,
Асыл-Арман т.м.,
Жалпы ауданы: 37 247,9 м²
Пәтер саны: 708
Пайдалануға берілген күні: 02.03.2015



Нысан: Шымкент қаласы, Асар ш/а,
Жалпы ауданы: 29 580 м²
Пәтер саны: 522
Пайдалануға берілген күні:
14.09.2016, 19.09.2016, 20.09.2016



Нысан: Орал қаласы, Зачаганск кенті,
Көктем ш/а
Жалпы ауданы: 25 166,5 м²
Пәтер саны: 500
Пайдалануға берілген күні: 21.12.2016



Нысан: Ақтөбе қаласы, Қарғалы ауылы,
Қарғалы т.м.
Жалпы ауданы: 22 511,5 м²
Пәтер саны: 468
Пайдалануға берілген күні: 08.06.2018



Нысан: Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы
Жалпы ауданы: 7 620,1 м²
Пәтер саны: 86
Пайдалануға берілген күні: 06.03.2015



Нысан: Көкшетау қаласы, М. Горький
көшесі
Жалпы ауданы: 19 919,3 м²
Пәтер саны: 337
Пайдалануға берілген күні:
25.06.2015, 26.06.2015



Нысан: Қызылорда қ.,
Жалпы ауданы: 18 307,1 м²
Пәтер саны: 270
Пайдалануға берілген күні: 12.05.2016



Нысан: Тараз қаласы, Атшабар ш/а.
Жалпы ауданы: 15 810,1 м²
Пәтер саны: 210
Пайдалануға берілген күні:
04.07.2015, 22.09.2015, 28.10.2015



Нысан: Түркістан қ., 160 квартал
Жалпы ауданы: 7 833,3 м²
Пәтер саны: 144
Пайдалануға берілген күні: 29.12.2016

КОМПАНИЯНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ҚОРЖЫНЫ

Компанияның бағалы қағаздар қоржыны мемлекеттік (МЕУКАМ) және мемлекеттік емес (банктер мен басқа компаниялардың облигациялары) бағалы қағаздардан тұрады. 2019

жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша бағалы қағаздар қоржынының ағымдағы теңгерімдік құны 16,8 млрд теңгені құрады.

Атауы	Ағымдағы құны, теңге	Купон, %	БҚ саны, дана	Сатып алу құны, теңге
Мемлекеттік борыштық қазынашылық МЕУКАМ міндеттемелері (ҚР ҚМ)	1 498 927 591,96	5,57	1 429 400	1 867 864 150,74
«Fincraft Resources» АҚ купондық облигациялары	966 181 901,96	9,30	11 936 306	1 074 999 951,73
«Kaspi Bank» АҚ тәртіптелген, купондық облигациялары	2 052 732 000,00	7,30	20 000 000	2 550 265 333,33
«Центр Кредит банкі» АҚ қамтамасыз етілген купондық облигациялары	10 620 243 513,34	12,00	100 000 000	10 163 207 300,00

Атауы	Ағымдағы құны, теңге	Купон, %	БҚ саны, дана	Сатып алу құны, теңге
«Еуразия банкі» АҚ тәртіптелген, купондық облигациялары	617 143 547,20	6,90	7 860 800	1 000 020 930,28
"Еуразия банкі" АҚ купондық облигациялары	1 128 167 787,16	6,90	13 634 200	1 415 709 276,26
"DSFK (ДСФК) арнайы қаржылық компания" ЖШС купондық облигациялары	235,17	0,01	211 382 823	213 228 876
БАРЛЫҒЫ	16 883 396 576,79		1 067 638 529*	18 285 295 818,34

* Баланстық құны 0 тең бағалы қағаздарды қоса алғанда.


КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЫЗДАРЫ

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компания қарызы 141,5 млрд теңгені құрады, оның ішінде:

- ❖ ҚР Қаржы министрлігінен үкіметтік қарыз (қарыздың нысаналы мақсаты: қарыз алушының талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейлі банктер берген ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқығын сатып алу үшін

облигацияларды шығару кезінде қорландыру құнын төмендету) – 9 млрд теңге;

- ❖ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұзақ мерзімді қарызы (қарыздың нысаналы мақсаты: кейіннен жалға беру үшін тұрғын үй салу және сатып алу) – 132,5 млрд теңге.



ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША СЫЙАҚЫЛАРДЫ ӨТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

- ❖ 2018 жылғы 25 мамырда Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тан 1 621 372 019,47 теңге көлемінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 22 қаңтарда Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тан 58 968 750,00 теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 25 қаңтарда Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тан ұзақ мерзімді қарыз бойынша 14 343 750,00 теңге мөлшерінде сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 11 маусымда Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тан 24 256 536,91 теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 23 шілдеде Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тан 58 968 750,00 теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 25 шілдеде Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тан 14 343 750,00 теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 24 желтоқсанда Компания 9 019 821,17 теңге мөлшерінде үкіметтік қарыз бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.

КОМПАНИЯНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ

2018 жылы Компания «Қазақстан қор биржасы» АҚ-қа 11,356 млрд теңге сомасына меншікті облигацияларын (KZIKb27, НИН-KZ2COY10F013) орналастырды, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында 20,0 млрд теңге сомасына облигацияларды (KMC.1233, ISIN

KZX000000054) шығару мен орналастыруды жүзеге асырды.

Номиналды құны бойынша инвестиция тартудың жалпы көлемі 30,9 млрд теңгені құрады.

ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ӨТЕУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

- ❖ 2018 жылғы 8 қаңтарда Компания 500 000 000,00 теңге мөлшерінде НИН KZ2COY08D913 (KZ2C00000180) облигацияларының тоғызыншы шығарылымы бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 6 ақпанда Компания 425 000 000,00 теңге мөлшерінде НИН KZ2COY07E517 (KZ2C00002160) облигацияларының он үшінші шығарылымы бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 6 ақпанда Компания 316 819 999,96 теңге мөлшерінде НИН KZ2COY05E503 (KZ2C00002178) облигацияларының он екінші шығарылымы бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 12 сәуірде Компания 227 745 000,00 теңге мөлшерінде KZ2COY08E218 (KZ2C00001741, KZIKb23) бағалы қағаздары бойынша купондық сыйақы төлеуді жүзеге асырды.

- ❖ 2018 жылғы 27 маусымда Компания 756 000 000,00 теңге мөлшерінде KZ2COY08E218 (KZ2C00001741, KZIKb23) бағалы қағаздары бойынша купондық сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 4 шілдеде Компания 500 000 000,00 теңге мөлшерінде НИН KZ2COY08D913 (KZ2C00000180) облигацияларының тоғызыншы шығарылымы бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 6 тамызда Компания 425 000 000,00 теңге мөлшерінде НИН KZ2COY07E517 облигацияларының он үшінші шығарылымы бойынша сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 6 тамызда Компания 8 237 319 998,96 теңге мөлшерінде НИН KZ2COY05E503 (KZ2C00002178) облигацияларының он екінші шығарылымы бойынша негізгі қарызды өтеуді және купондық сыйақыны төлеуді жүзеге асырды, оның ішінде сыйақы сомасы 316 819 999,96 теңгені, негізгі қарызды өтеу сомасы – 7 920 499 999,00 теңгені құрады.
- ❖ 2018 жылғы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Компанияның KZ2COY05E529 (KZ2C00002152, KZIKb26) облигациялар шығарылымының күшін жою туралы хабарлады.
- ❖ 2018 жылғы 12 қазанда Компания 227 745 000,00 теңге мөлшерінде KZ2COY08E218 (KZ2C00001741, KZIKb23) бағалы қағаздары бойынша купондық сыйақы төлеуді жүзеге асырды.
- ❖ 2018 жылғы 27 желтоқсанда Компания 1 018 500 000,00 теңге мөлшерінде KZ2COY10F013 (KZ2C00003333, KZIKb27) бағалы қағаздары бойынша купондық сыйақы төлеуді жүзеге асырды.

КОМПАНИЯНЫҢ
ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Компания өз миссиясына, компанияны Дамыту стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық тәртіп нормалары мен қағидаттарын пайдаланады. Компания орнықты даму

саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды өз қызметінің үздік халықаралық практикаға сәйкестігін қамтамасыз етудің және орнықты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

«ҚАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» ИҰ» АҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Экономикалық құраушы	Әлеуметтік құраушы	Экологиялық құраушы
<ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметтің шығынсыздығы; 2. Акционерлер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету; 3. Үдерістердің тиімділігін арттыру; 4. Едәуір жетілдірілген технологияларды жасау мен дамытуға салынған инвестициялардың өсуі; 5. Еңбек өнімділігін арттыру. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдау кезіндегі тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; 2. Әділ сыйақы төлеу және қызметкерлердің құқықтарын сақтау; 3. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау; 4. Қызметкерлерді оқыту және кәсіптік дамыту; 5. Ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге тигізетін әсерді азайту; 2. Шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану; 3. Экологиялық, энергияны және материалды үнемдейтін технологияларды қолдану.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Компания өз қызметі шеңберінде Корпоративтік басқару туралы кодексте бекітілген тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есеп берушілік, айқындылық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.

Компания өз қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына бейілділігі туралы мәлімдейді:

адам құқықтарын қорғау саласында. Компания халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді, сондай-ақ адам құқықтарының бұзылуына қатыспауды қамтамасыз етеді;

еңбек қатынастары саласында. Компания ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және мойындайды, мәжбүрлі және балалар

еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушіліктерді түбірімен жоюға ықпал етеді;

қоршаған ортаны қорғау саласында. Компания сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелер тәсілін қолдайды, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдайды, экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуға жәрдемдеседі;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында. Компания бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді және осы фактілердің алдын алу бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ТІЗІМІ

Мүдделі тараптар	Сипаттамалар
ТАЯУ ШЕҢБЕР	
Жалғыз акционер	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
Менеджмент	Директорлар кеңесінің мүшелері, Компанияның Басқарма Төрағасы, Компания Басқармасының мүшелері, Компания Басқармасының мүшелеріне жатпайтын басқарушы директорлар және Компанияның аппарат басшысы
Персонал	Қаржы-шаруашылық қызметтің және бизнес-процестердің мақсатымен біріктірілген Компания қызметкерлерінің жалпы құрамы
Еңбек ұжымының өкілдері	Еңбек ұжымының жалпы жиналысы уәкілеттік берген өкілдер қызметкерлердің еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау, жұмыс берушімен ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек дауларын реттеуге қатысу
Серіктестер	Өзара тиімді ынтымақтастыққа қатысушылар болып табылатын заңды тұлғалар (олардың бірлестіктері), оның ішінде стратегиялық серіктестер
Клиенттер	Компания қызметтерін сатып алушылар/тұтынушылар болып табылатын заңды немесе жеке тұлғалар

Мүдделі тараптар	Сипаттамалар
АЛЫС ШЕҢБЕР	
Мемлекеттік органдар / Реттеуші	Министрліктер, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Бәсекелестер	Қызмет саласы, мүдделері мен мақсаттары Компанияның қызмет саласымен, мүдделерімен және мақсаттарымен бірдей заңды немесе жеке тұлғалар
Инвесторлар	Инвестицияларды жүзеге асыратын, меншікті, қарыз немесе өзге де тартылған қаражатын Компанияның инвестициялық жобаларына салатын заңды және / немесе жеке тұлғалар
Қаржы институттары	Екінші деңгейлі банктер және банктік операциялардың басқа да жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар, оның ішінде ипотекалық компаниялар, сақтандыру компаниялары және т.б.
Жеткізушілер	Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар (Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), сатып алу туралы шарт жасаған кезде Компанияның контрагенттері болып табылатын заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктері (консорциумдар)
Халық	Компания қатысатын өңірлерде тұратын адамдардың жиынтығы
Қоғамдық ұйымдар	Қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар және басқалар
Бұқаралық ақпарат құралда	Күнделікті жаңалықтар және аналитикалық ақпарат көздері (газеттер мен журналдар, электрондық БАҚ-интернет, радио, телевидение)

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Компания мүдделі тараптарды анықтау мен іріктеудің келесі қағидастарын басшылыққа алады:

- ❖ **тәуелділік:** белгілі бір деңгейде Компания қызметіне тәуелді мүдделі тараптар тобы
- ❖ **жауапкершілік:** Компания алдында міндеттемелері бар тараптар (шарттар, келісімдер және т.б. бойынша)
- ❖ **әсері:** компанияның қызметі мен нәтижелілігіне жоғары деңгейде әсер ететін мүдделі тараптар
- ❖ **стратегиялық басымдылығы:** Компанияның стратегиялық перспективаларын ескере отырып, ынтымақтастығы маңызды мүдделі тараптар

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ТҮРЛЕРІ

Компания	<ol style="list-style-type: none"> 1. Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Компанияның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы сенімді ақпарат береді; 2. Компания негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидастары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді; 3. Компания шарттар және/немесе ақпаратты ашу және/немесе құпиялылық туралы келісімдер шеңберінде басқа ұйымдардан алынатын құпия ақпаратты қоспағанда, Компания қызметінің жоспарлары, жетістіктері, қызметтегі қиындықтары туралы, сондай-ақ басқа ұйымдардың Компания қызметі туралы зерттеулері туралы қосымша мәліметтерді ұсынады; 4. Компания халықаралық кредиттік рейтингтерге қатысады. 	Акционерлер мен мемлекеттік органдар
----------	---	--------------------------------------



Компания	<ol style="list-style-type: none"> 1. Компания қаржы жағдайы, дивиденттік саясат және кредит тарихы туралы, сондай-ақ Компанияның даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты жеткілікті деңгейде ашады; 2. Компанияның қаржылық және басқару есептілігі заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес дайындалады және уақытылы ұсынылады, бұл ретте қаржылық есептілікті тәуелсіз аудиторлар тексереді; 3. Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тұлғалардың (республикалық, жергілікті билік органдары) әсері туралы, сондай-ақ мүдделі тұлғалармен жасалған мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, ашық және қолжетімді; 4. Компания инвестициялық және стратегиялық шешімдерді қабылдау тәсілдерінің белсенді коммуникациясын жүзеге асырады; 5. Компания іскерлік серіктестер алдындағы өзінің келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды; 6. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте ақпараттық ашықтықты, айқындықты, тең құқықты, әділдікті, кемсітушіліктің және бәсекелестіктің негізсіз шектеулерінің болмауын қамтамасыз етеді; 7. Компания жетекші әлемдік тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қағидаттарды ұстанады. 	Инвесторлар мен контрагенттер
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Компания қызметтері тұтынушылар үшін қолжетімді; 2. Компания тұтынушылық деректердің және коммерциялық ақпараттың таралып кетуін қорғау және заңсыз пайдалану мақсатында қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; 3. Компания тұтынушылардың барлық топтарына кемсітусіз бірдей сапа және бірдей қызмет көрсету деңгейін ұсынады; 4. Компания қызмет көрсету және халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға жәрдемдеседі, бұл клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын жақсартудан көрінеді; 5. Компания тұрақты негізде жаңа құралдар мен жұмыс қағидаттары туралы ақпаратты клиенттерге жеткізеді; 6. Компания өз мүмкіндіктері мен қолжетімді түрлері шегінде тұтынушылардың және өз клиенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді 	Клиенттер / тұтынушылар

Компания	<ol style="list-style-type: none"> 1. Компания білікті және уәжді қызметкерді қалыптастыруға бағытталған ашық, айқын, мақсатты кадр саясатын қамтамасыз етеді; 2. Компания барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру, олардың қызметін бейтарап және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді; 3. Компанияда қызметкерлерді іріктеу және мансаптық өсіру тек кәсіби қабілеттері, білім мен дағдылары негізінде жүзеге асырылады; 4. қызметкерлердің тиімді коммуникациясы мен өзара іс-қимылы қызметкерлер мен коммуникация арналарын тұрақты ақпараттандырудың ішкі корпоративтік көздерін ұйымдастыру арқылы, оның ішінде ішкі порталдың (интранет) жұмысы, қызметкерлердің пікірлері мен ұсыныстарын тұрақты зерделеу, жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. 	Компания қызметкерлері
	<ol style="list-style-type: none"> 1. Компания жұртшылықпен тиімді және жедел өзара іс-қимыл жасайды (оның ішінде, тұрақты кездесулерді (дөңгелек үстелдер, брифингтер, конференциялар) ұйымдастырады); 2. Компания әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға белсенді қатысады; 3. Компанияға жіберілетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне берілген жауаптар уақытылы және толық көлемде беріледі; 4. демеушілік және қайырымдылық қызмет көрсеткен жағдайда Компания ұлттық құндылықтарды жаңғырту, мәдениетті, ғылым мен білім беруді қолдау мақсатында халықтың қорғалмаған топтарына және аз қамтылған азаматтарға көмек көрсетеді. 	Жұртшылық

2018 ЖЫЛЫ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ІС-ШАРАЛАР

Ақпаратты ашу

- ❖ Компанияның жарғысына және Компания Басқармасының 2015 жылғы 20 қарашадағы №61 шешімімен бекітілген «Қазақстан ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамының (әрі қарай – Басқарма) Ақпаратты ашу саясатының ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашу (тоқсан сайынғы, жарты жылдық және жылдық есептер және Жалғыз акционерге, мемлекеттік органдарға және ҚР Ұлттық Банкіне ұсынуға арналған өзге де материалдар).

Конференцияларға, халықаралық форумдарға қатысу

- ❖ 2018 жылы Компания Дүниежүзілік банк бастамасы бойынша Вашингтонда (АҚШ) өткен «Үлгілерді жоямыз, қолжетімді баспананы қаржыландыруға арналған жаңа идеялар» атты Тұрғын үйді қаржыландыру бойынша 8-ші халықаралық конференция жұмысына

қатысты. Конференцияның негізгі тақырыбы халықтың қалың жігінің тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін қарастыру және ипотекалық кредит берудегі инновациялық тәсілдерді пайдалану болды. Конференцияның панельдік пікірталасының қорытындысы бойынша Жапония, Корея, Қазақстан, Үндістан, Әзірбайжан, Малайзия, Кения, Ямайка, Моңғолия, Алжир, Қырғызстан, Танзания, Нигерия және басқа елдердің мамандары Халықаралық қайталама ипотекалық нарық операторларының қауымдастығын (ISMMA) құру туралы шешім қабылдады. Қауымдастықты құрудың мақсаты – тәжірибе алмасу және тұрғын үй қаржыландыруды тұрақты түрде дамытуды қамтамасыз ету үшін шешімдерді бірлесіп іздеу. Компания ISMMA Орталық Азия және Кавказ елдерінің өкілетті өкілі болып сайланды.

- ❖ Компания National Mortgage corporation of Malaysia «Cagamas», Japan Housing Finance Agency, Korea Housing Finance



Corporation, Mongolia Mortgage Corporation, National Home Mortgage Finance Corporation (Philippines), PT Sarana Multigriya Financial (Indonesia), Secondary Mortgage Corporation (Thailand) сияқты халықаралық ұйымдармен қатар Азиялық қайталама ипотекалық нарық қауымдастығының (ASMMA) құрметті мүшесі болып табылады.

- ❖ 2018 жылғы қыркүйекте Алматы қаласында БҰҰДБ қатысуымен «Орталық Азия елдеріндегі тұрғын үй қорын басқару, бабында ұстау және жаңғырту» тақырыбында халықаралық конференция өтті, Компания оны ұйымдастырушылардың бірі болды және конференция қатысушыларына «Жалдамалы жылжымайтын мүлікті басқару тәжірибесі» деген тақырыпта баяндама жасады.
- ❖ Компания Қырғызстанның Мемлекеттік ипотекалық компаниясы мен Әзірбайжанның ипотекалық және кредит-кепілдік қорының өкілдерімен жұмыс кездесулерін өткізді. Кездесудің мақсаты – ипотекалық кредит беру нарығын дамыту саласында тәжірибе алмасу.

Мүдделі тараптардың Компания қызметіне мониторинг жүргізуге немесе бағалауға қатысуы

- ❖ Компанияның сыртқы аудитін «КПМГ Аудит» ЖШС жүргізді.
- ❖ Басқару есептілігін оңтайландыру және жүйелеу мақсатында Компания 2018 жылғы қазанда АТ-технологиялар саласындағы консалтингтік компаниямен «Мониторинг пен есептіліктің ахуалдық орталығы» (мәліметтерді бірыңғай сақтау жүйесі және бизнес-талдаушылар) деген бағдарламалық қамтамасыз етілімін әзірлеу туралы шарт жасасты. Бүгінгі күні мониторинг пен есептіліктің ахуалдық орталығында төрт үлгі ұсынылған: «Қазынашылық»; «Жалға беру»; «Бюджеттеу», «КРІ».
- ❖ «Ернст энд Янг» консалтингтік компаниясының «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдары қызметкерлерінің тартылу және қанағаттану деңгейін зерттеуі.
- ❖ Халықтың сенім деңгейін анықтау мақсатында «Кейком Имэдж» ЖШС өткізген беделді аудит.

- ❖ Fitch және Moody ' s рейтинг агенттіктерінің кредит рейтингін беруі / растауы.

Тиімді коммуникацияны және қызметкерлермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету

- ❖ Ұйым аралық коммуникацияларды ретке келтіру, еңбек уәждемесін күшейту мақсатында 2018 жылы:
 - Басқарма Төрағасымен бизнес-таңғы ас және Басқарма Төрағасының орынбасарымен five-o ' clock tea өткізілді;
 - спорттық іс-шаралар: үстел теннисінен шағын турнир және Компанияның құрама командалары арасында боулингтен жыл сайынғы турнир өткізілді.
- ❖ Тұрақты негізде электрондық құжат айналымы жүйесі және корпоративтік тоқсан сайынғы газет арқылы барлық қызметкерлерді Компания қызметінің бағыттары, оның стратегиясы, әлеуметтік саясаты, жаңа жобалар мен міндеттер, Компанияда болып жатқан өзгерістер туралы уақытылы және тұрақты түрде хабардар ету жүзеге асырылады.

- ❖ Қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі енгізілді, оның шеңберінде тұрақты негізде қызметкерлердің қызметіне мониторинг жүргізіледі, кері байланыс беру мақсатында қызметкерлермен әңгіме, кездесулер өткізіледі.
- ❖ Ішкі корпоративтік коммуникацияларды дамыту үшін ішкі портал жұмыс істейді, онда Компанияның қызметі, жаңа өнімдер, оқиғалар туралы ақпарат, сондай-ақ өткен іс-шаралардан алынған фото және бейнематериалдар орналастырылады. Сайт қызметкерлер арасында конкурстар, сауалнамалар және дауыс беру үшін белсенді қолданылады. Ішкі порталдағы ақпарат пен медиатека тұрақты түрде жаңартылып отырады, қызметкерлер арасында конкурстар жарияланады. 2018 жылы порталды қараған адамдар саны 11 950 болды.

Клиенттік сервисті жақсарту:

Клиенттермен өзара іс-қимыл сапасын арттыру және Компания сервисін жақсарту мақсатында 2018 жылы келесілер енгізілді:

- ❖ клиенттің сайттағы жеке кабинеті;
- ❖ мобильді қосымша;



- ❖ серіктес банктерден төлемдер қабылдау (Халық Банкі, ForteBank, Қазпошта, Касса24, Cyberplat, RPS);
- ❖ клиенттердің ақпарат алу процесі (контакт-орталығы жаңартылды).

Ынтымақтастықты дамыту

- ❖ «Орда» ипотекалық кредит берудің жаңа бағдарламасын іске асыру шеңберінде компания «Цеснабанк» АҚ, «ЦентрКредит банкі» АҚ, «Kassa Nova банкі» АҚ және «BI Capital» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы келісімдер жасады.

Қоғамдық байланыстың дамуы

- ❖ «Мемлекеттік, қоғамдық және әлеуметтік бағдарламаларды алға жылжыту саласындағы үздік жоба» номинациясында компания жыл сайынғы «Ақ Мерген – 2018» қоғамдық байланыстарды дамыту саласындағы республикалық сыйлыққа қатысты.

Клиенттердің шағымдарымен жұмыс

- ❖ Компания тұрақты түрде қызмет көрсету сапасын ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын бұзумен байланысты мәселелерді шешудегі жеделдікті арттыру бойынша жұмыс жүргізуде.

- ❖ 2018 жылы Компанияға 17 182 өтініш түсті, оның ішінде 137 клиенттің шағымы бар.
- ❖ Клиенттердің 88%-ының шағымы «Сатып алу құқығымен жалдау» бағдарламасы бойынша берілген тұрғын үй сапасына байланысты. Компания мердігерлерге (құрылыс салушыларға), жалға алушыларға және басқарушы компанияларға тұрғын үй нысандарында анықталған ақауларды жою туралы хаттарды жолдау арқылы шағымдарды жою бойынша шаралар қабылдады.
- ❖ 2018 жылы тұтынушылардың құқықтарын бұзу туралы өтініштер саны 2017 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 7%-ға төмендеді. Өтініштердің сипаты 2017 жылғы сияқты көбіне тұрғын үй сапасы бойынша жазылған.
- ❖ 2018 жылы Компания тұтынушылардың өтініштері бойынша орындалмаған және/немесе толық орындалмаған міндеттемелер бойынша әкімшілік және/немесе өзге де жауапкершілікке тартылмаған, сондай-ақ Компанияға тұтынушылардың құқықтарын бұзу бойынша сот талаптары қойылмаған.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3 жылдағы қызметкерлердің орташа тізімдік санының қарқыны

	2016	2017	2018
Қызметкерлердің орташа тізімдік саны, адам	263	224	203

Қызметкерлерді жынысы және жасы бойынша бөлу құрылымы (2018)

	30 жасқа дейін	30-50 жас аралығы	50 жастан жоғары
Еркектер	14	70	10
Әйелдер	16	95	3

2016-2018 жылдары Компанияға келген жаңа қызметкерлердің саны

	2016	2017	2018
Есептік кезеңде Компанияға жұмысқа келген жаңа қызметкерлердің жалпы саны, адам	65	51	46
Кадрлардың тұрақсыздығы, %	30,3	25,4	14,8



2018 жылдағы басқарушы органдардың құрамы

	30 жасқа дейін		30-50 жас аралығы		50 жастан жоғары	
	еркек	әйел	еркек	әйел	еркек	әйел
Директорлар кеңесі			5		2	
Басқарма			3	1		

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Қызметкерлерді оқыту

	2016	2017	2018
Оқытуға жұмсалған шығын, мың теңге	6524	7607	22371
Оқытылған қызметкерлер саны, адам	209	216	238
Бір қызметкерді* оқытуға жұмсалған шығын, мың теңге	31	35	93

* Орташа тізімдік сан тұрғысынан алғанда

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК


Компанияда жарақат алу жағдайлары тіркелген жоқ.

Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау мақсатында 2018 жылы іске асырылған іс-шаралар:

- ❖ 2018 жыл ішінде Республикалық даярлау және біліктілікті арттыру орталығында Компанияның 6 қызметкері «Еңбекті қорғау (ЕҚ) және қауіпсіздік техникасы (ҚТ)» тақырыбы бойынша оқытылды, тиісті сертификаттар алынды.
- ❖ Компанияда еңбек қауіпсіздігі шарттарын ұстану бойынша үздіксіз процесс сақталады: жұмысқа қабылдау кезінде жаңадан қабылданған қызметкерлерге және жыл сайын барлық қызметкерлерге штат кестесі бойынша «ТҚ және ЕҚ бойынша кіріспе нұсқаулық» (мамандандырылған журналға тіркей отырып) жүргізіледі; барлық қызметкерлерге штат кестесі бойынша жарты жылда кемінде бір рет «ТҚ және ЕҚ бойынша қайталау

нұсқаулығы» (мамандандырылған журналға тіркей отырып) жүргізіледі; жыл сайын Компанияда (АҚ және ТЖ) азаматтық қорғау бойынша практикалық және теориялық іс-шаралар, сондай-ақ «Компаниядағы өрт қауіпсіздігі» бойынша штаттық кестеге сәйкес барлық қызметкерлерге нұсқаулық жүргізіледі (мамандандырылған журналға тіркей отырып).

- ❖ Өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау және сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Компанияның азаматтық қорғанысын қалыптастыру құрамында өрт сөндіру командасы құрылды (Компанияның Басқарма Төрағасының 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 49 бұйрығымен бекітілді); Компанияда өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау бойынша жауапты қызметкерлер тағайындалды (Компания Басқармасының 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 92 шешімімен бекітілген).



- ❖ Компанияның жауапты бөлімшесі апта сайын Documentolog электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша тарату әдісімен демалыс және мереке күндері қарсаңында өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау қажеттілігі туралы Компания қызметкерлеріне хабарлама/ескерту жібереді.
- ❖ «Өрт кезінде Компания қызметкерлерін эвакуациялауды ұйымдастыруды пысықтау» тақырыбы бойынша жоспарлы практикалық оқу-жаттығулар өткізілді
- ❖ Оқу-жаттығу жоспары бойынша келесі іс-шаралар өткізілді: Компания қызметкерлерін «Дабыл» сигналы бойынша ғимараттан эвакуациялау, Компания қызметкерлерінің «Өрт», «Төтенше жағдайлар кезінде өзін-өзі құтқару» тақырыптары бойынша білімдерін бағалау жүргізілді, арнайы өртелген өрт ошағында ОУ-5 өрт сөндіргішін пайдалану техникасы көрсетілді, ГП-5 газтұтқышын пайдалану үйретілді.



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Компания қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету бағыттары және шығындар құрылымы


Әлеуметтік қолдау көрсету бағыттары	2016	2017	2018
Медициналық сақтандыру, мың теңге	26 340	17 913	29 202
Қызметкерлерді жазатайым жағдайлардан сақтандыру, мың теңге	688	728	626

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

«Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС жүргізген қызметкерлердің тартылу және қанағаттану деңгейін зерттеу нәтижелері бойынша 2018

жылы Компания қызметкерлерінің қанағаттану және тартылу деңгейі 82%-ды құрады.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТАРТЫЛУ ЖӘНЕ ҚАНАҒАТТАНУ ИНДЕКСІ



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания өз қызметінде қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерлердің алдын алуға ықпал ете отырып, қоршаған ортаға ұқыпты және ұтымды қарым-қатынас жасау қағидаларын ұстануға ұмтылады.

Тұрғын үй құрылысы бағдарламаларын іске асыруға қатысу кезінде Компания қоршаған ортаны қорғау саласындағы әлеуметтік және экологиялық факторларды назарға алады. Компания қаржыландыратын тұрғын үй

құрылысының жобалары Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес жайлылық пен қауіпсіздік жөніндегі ұсынылған технологияларға негізделеді, бұл ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге және экологиялық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

2018 жылы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтамағаны үшін салынған айыппұлдар тіркелмеген.

РЕСУРСТАРДЫ ТҰТЫНУДЫ ҚЫСҚАРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

2018 жылы Компания құжат айналымына байланысты бизнес-процестерді автоматтандыру және оңтайландыру бойынша іс-шараларды іске асырды, бұл түптеп келгенде,

қағаз бен қуат шығынының көлемін азайтуға бағдарланған. Негізгі іс-шаралардың ішінде: «paper-free» (қағазсыз құжат айналымы) және «дәлізді басып шығару» жобасы бар.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУҒА ҮЛЕС ҚОСУ


ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

Қызмет	Мемлекеттік бағдарламаға деген қатынас	Әлеуметтік-экономикалық әсер
Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру	ҚР ҰБ ипотекалық қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасы	322,9 млн теңгеге 73 қарыз қайта қаржыландырылды
Сатып алу құқығымен тұрғын үйді жалға беру	«Нұрлы жер» бағдарламасы	1054,7 м ² жалға берілетін тұрғын үй немесе 18 593 пәтер пайдалануға берілді. 17 197 отбасы жалдамалы тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Компанияның жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы болып табылады. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ол компанияның дауыс беретін акцияларының 100%-ын иеленеді.

Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және/немесе Компания жарғысымен Компанияның Жалғыз акционерінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компанияның қызметіне жалпы басшылық ететін басқару органы болып табылады.

Жалғыз акционер Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, компанияның жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен, үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып іріктейді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес тәуелсіз директорлар келесі талаптарға сәйкес келеді:

- ❖ компанияның үлестес тұлғалары емес және олар
- ❖ Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде Компанияның үлестес тұлғалары болмаған және

Компанияның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлғалар емес;

- ❖ Компанияның лауазымды тұлғаларына немесе компаниямен үлестес ұйымдарға бағыныштылықпен байланысты емес, олар Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныштылықпен байланысты емес;
- ❖ мемлекеттік қызметшілер емес;
- ❖ Компания органдарының мәжілістерінде Жалғыз акционердің өкілдері емес және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай өкіл болған емес;
- ❖ аудиторлық ұйымның құрамында болған аудитор ретінде Компанияның аудитіне қатыспаған және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына, компанияның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

2018 жылы Директорлар кеңесінің құрамына мынадай өзгерістер енгізілді:

- ❖ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының шешімімен (2018 жылғы 24 қаңтардағы № 02/18 мәжіліс хаттамасы) А. А. Арифхановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, Директорлар кеңесінің мүшесі болып Ф. Б. Таджияков сайланды;
- ❖ Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылғы 23 қаңтардағы №1 мәжіліс хаттамасы) Ф. Б. Таджияков Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды;
- ❖ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының шешімімен (2018 жылғы 31 қаңтардағы

№03/18 мәжіліс хаттамасы) К. А. Ускенбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- ❖ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының шешімімен (2018 жылғы 6 ақпандағы №05/18 мәжіліс хаттамасы) Н.Н. Нұрланов Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

2018 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Директорлар кеңесінің келесі құрамы жұмыс істейді: Директорлар кеңесінің төрағасы – Ф. Б. Таджияков, Директорлар кеңесінің мүшелері – Н. Н. Нұрланов, Ж. Н. Шаймарданов, А. Б. Мұхамеджанов, Я. Бжезински, Е. С.Оспанов, Н.Т.Токобаев.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Таджияков Ғалымжан Бисенғалиұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы

Туған жылы: 1982.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Жұмыс тәжірибесі: 2003 жылдан бастап «ABN AMRO Банк Қазақстан» АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ, Еуразиялық даму банкінде әртүрлі лауазымдарды атқарды. 2016 жылдың шілдесінен бастап 2018 жылдың 15 қаңтарына дейін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың Басқарушы директоры қызметін атқарды. 2018 жылдың 15 қаңтарынан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Білімі: жоғары (экономикалық):

- ❖ Durham University Business School (Ұлыбритания);
- ❖ Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті (Алматы қ.).



Нұрланов Нұржан Нұрланұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған жылы: 1988.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Жұмыс тәжірибесі: 2018 жылдың 29 қаңтарында «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-тың Басқарушы директоры болып тағайындалды. Бұрын Инвестициялық ынтымақтастық департаментінің директоры, «Экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ-тың Өңірлік ынтымақтастық қызметінің Басқарушы директоры, ҚР Премьер-Министрі Кеңесі Өңірлік даму бөлімінің сарапшысы, «ҚазТрансГаз» АҚ-тың Басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ-тың Бас директорының Техникалық саясат жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді..

Білімі: жоғары (экономикалық):

- ❖ Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті;
- ❖ University of Wales (Ұлыбритания);
- ❖ American InterContinental University (Лондон).



Шаймарданов Жандос Нұрланұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған жылы: 1987.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Жұмыс тәжірибесі: 2017 жылдың сәуір айынан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың Активтерді басқару департаментінің директоры болып тағайындалды. Бұрын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың талдау және зерттеулер департаментінің директоры, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің менеджері, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Бюджеттік саясат және жоспарлау департаментінің бас сарапшысы қызметтерін атқарған.

Білімі: жоғары (экономикалық):

- ❖ York University (Канада).



Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған жылы: 1981.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Жұмыс тәжірибесі: 2016 жылдың қыркүйек айында Компания Басқармасының Төрағасы болып тағайындалды. Бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ-та әртүрлі лауазымдарды атқарған, «Каспиан Энерджи Инк» Директорлар кеңесінің, «AsiaCredit Bank» АҚ-тың мүшесі, «Арал Петролеум Кэпитал» ЖШС-ның вице-президенті, «Отан» АЖЗҚ» АҚ-тың Басқарма төрағасы болған.

Білімі: жоғары (экономикалық):

- ❖ MBA of The University of Chicago Booth School of Business (АҚШ);
- ❖ University of Nottingham (Ұлыбритания);
- ❖ Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті (Алматы қ.).



Яцек Бжезински

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

Туған жылы: 1955.

Аустрия азаматы.

Жұмыс тәжірибесі: «Цеснабанк Капитал» АҚ (Нұр-Сұлтан), «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (Нұр-Сұлтан), Sberbank Serbia (Белград), «Цесна Гарант» АҚ (Алматы), «Цеснабанк» АҚ (Нұр-Сұлтан) тәуелсіз директоры.

Білімі: жоғары (экономикалық), экономика магистрі, PhD дәрежесі бар.



Оспанов Ерболат Серікұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

Туған жылы: 1967.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Жұмыс тәжірибесі: қазіргі уақытта Borgata Mayer Inc бас директоры (CEO). Бұрын «Қазақинстрах» ЖАҚ, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Аджип Қазақстан Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б. В., ЧКОО KMG Kashagan B. V. жұмыс істеді.

Білімі: жоғары (экономикалық):

- ❖ University of California Los Angeles (АҚШ);
- ❖ Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы (Алматы қ.);
- ❖ С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.



Тоқобаев Нұрлан Тұрсынбекұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор

Туған жылы: 1974.

Қазақстан Республикасының азаматы.

Жұмыс тәжірибесі: қазіргі уақытта Директорлар кеңесінің мүшесі – «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС және «Оптим Банк» ААҚ (Қырғызстан) тәуелсіз директоры. Бұрын ҚР ҰБ әртүрлі лауазымдарды атқарған, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Бағалы қағаздар нарығын және зейнетақы қорларын реттеу департаментінің директоры, «Астана-Финанс» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі, «Кредит-Стандарт» коммерциялық банкі АҚ (Өзбекстан) Басқарма Төрағасы, «Кредит-Стандарт» коммерциялық банкі АҚ (Өзбекстан) Директорлар кеңесінің төрағасы, «Визор Капитал» АҚ тәуелсіз директоры, «Advance Bank of Asia» (Камбоджа) тәуелсіз директоры қызметтерін атқарған.

Білімі: жоғары (экономикалық):

- ❖ Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы (Алматы қаласы)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

Компанияның Директорлар кеңесінің жанында үш комитет жұмыс істейді:

1. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет;
2. Ішкі аудит комитеті;
3. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет орта мерзімді және ұзақ мерзімді болашақта Компания қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, Компания қызметінің басым бағыттары мен стратегиялық мақсаттары мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамы	
01.01.2018 ж. жағдай бойынша	01.01.2019 ж. жағдай бойынша
Е.С. Оспанов (Комитет төрағасы)	Е.С. Оспанов (Комитет төрағасы)
Я. Бжезински (Комитет мүшесі)	Я. Бжезински (Комитет мүшесі)
Н.Т. Токобаев (Комитет мүшесі)	Н.Т. Токобаев (Комитет мүшесі)
Ж.Н. Шаймарданов (Комитет мүшесі)	Ж.Н. Шаймарданов (Комитет мүшесі)
	О.Ж. Салықов (сарапшы)

Ішкі аудит жөніндегі комитет Компанияның Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Комитеттің қызметі Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігіне,

сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына мониторинг жасау бойынша, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдарды дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

Ішкі аудит жөніндегі комитеттің құрамы	
01.01.2018 ж. жағдай бойынша	01.01.2019 ж. жағдай бойынша
Н.Т. Токобаев (Комитет төрағасы)	Н.Т. Токобаев (Комитет төрағасы)
Я. Бжезински (Комитет мүшесі)	Я. Бжезински (Комитет мүшесі)
Е.С. Оспанов (Комитет мүшесі)	Е.С. Оспанов (Комитет мүшесі)
Ж.Н. Шаймарданов (Комитет мүшесі)	Ж.Н. Шаймарданов (Комитет мүшесі)
	И.К. Хамзина (сарапшы)

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Компанияның Директорлар кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші органы болып табылады. Директорлар кеңесінің кадр саясаты, тағайындау және сыйақы жүйелері саласындағы құзыретіне жататын мәселелерді

тереңдетіп пысықтау және мониторингілеу, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің, бас комплаенс-бақылаушының, сондай-ақ Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылды.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы	
01.01.2018 ж. жағдай бойынша	01.01.2019 ж. жағдай бойынша
Я. Бжезински (Комитет төрағасы)	Я. Бжезински (Комитет төрағасы)
Е.С. Оспанов (Комитет мүшесі)	Е.С. Оспанов (Комитет мүшесі)
Н.Т. Токобаев (Комитет мүшесі)	Н.Т. Токобаев (Комитет мүшесі)
Ж.Н. Шаймарданов (Комитет мүшесі)	Ж.Н. Шаймарданов (Комитет мүшесі)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жылы Директорлар кеңесінің 11 отырысы өткізілді, сырттай дауыс беру арқылы 6 шешім қабылданды, мына санаттар бойынша 131 мәселе қарастырылды:

- ❖ мәмілелер / инвестициялық жобалар, бағалы қағаздар – 17;
- ❖ тәуекелдерді басқару мәселелері – 16;
- ❖ ішкі құжаттарды бекіту – 24;
- ❖ стратегия мәселелері – 5;
- ❖ кадр мәселелері – 13;
- ❖ жоспарлау және есептілік – 16;
- ❖ ішкі аудит мәселелері – 19;
- ❖ өзге сұрақтар – 21.

2018 жылы Директорлар кеңесінде қаралған негізгі мәселелер:

- ❖ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 2 шешімімен Ғалымжан Бисенғалиұлы Таджияков Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

- ❖ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 наурыздағы № 5 шешімімен Компанияның 2017 жылғы жылдық қаржылық есептілігі, таза кірісті бөлу тәртібі және бір қарапайым акцияға келетін дивидендтердің мөлшері, Жалғыз акционердің Компанияның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне жүгінулер туралы ақпарат, Директорлар кеңесі мен Компания басқармасының мүшелеріне сыйақы мөлшері мен оның құрамы алдын ала мақұлданды.
- ❖ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 7 шешімімен «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ облигацияларын шығару шарттары және оларды 3,2 млрд.теңгеге және 700 млн. теңгеге шығару мақұлданды.
- ❖ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 11 маусымдағы № 8 шешімімен:
 - «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ-тың 2017 жылғы жылдық есебі алдын ала мақұлданды (Жалғыз акционердің 2018 жылғы 4 шілдедегі № 27/18 шешімімен бекітілген);

- «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ Басқармасының (ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару, ақпараттық технологиялар жүйелері) 2017 жылдың қорытындысы бойынша есебі бекітілді.
- ❖ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 13 шешімімен:
 - 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ-тың Нұр-Сұлтан қаласындағы өкілдігін жабу туралы шешім қабылданды;
 - «Цеснабанк» акционерлік қоғамының «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамының атынан жеке тұлғаларға ипотекалық қарыздар беруді көздейтін «Цеснабанк» АҚ-пен ынтымақтастық туралы келісім мақұлданды.

- ❖ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 16 шешімімен «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ-тың 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге сомасына облигациялар шығару мәселесі мақұлданды және шығарылым шарттары айқындалды.
- ❖ Сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің, бас комплаенс-бақылаушының және Корпоративтік хатшының тоқсандық есептері бекітілді.

Компанияның директорлар кеңесінің 2018 жылға арналған Жұмыс жоспарында көзделген барлық мәселелер есептік кезеңде қаралды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы 100%-ды құрады.

Есептік кезеңде Директорлар кеңесі комитеттерінің 28 отырысы өткізілді (Стратегиялық жоспарлау комитетінің 10 отырысы, Ішкі аудит комитетінің 10 отырысы және Кадрлар, сый-

ақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің 8 отырысы), онда мынадай санаттар бойынша 140 мәселе қаралды:

- ❖ мәмілелер / инвестициялық жобалар, бағалы қағаздар – 13;
- ❖ тәуекелдерді басқару мәселелері – 16;
- ❖ ішкі нормативтік құжаттарды бекіту – 16;
- ❖ стратегия мәселелері – 4;

- ❖ кадр мәселелері – 13;
- ❖ жоспарлау және есептілік – 21;
- ❖ ішкі аудит мәселелері – 33;
- ❖ өзге сұрақтар – 24.

Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына олардың мүшелерінің қатысуы 100%-ды құрады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолданыстағы саясаты Жалғыз акционердің және Компания басқармасының өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеуді көздемейді.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне сыйақы төлеу мынадай нысанда жүзеге асырылады:

- ❖ жылдық бекітілген сыйақы;
- ❖ Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы.

2018 жылы тәуелсіз директорларға берілген сыйақы сомасы 20,9 млн теңгені құрады (са-

лық және басқа да міндетті аударымдар шегерілгенге дейін).

Сондай-ақ тәуелсіз директорларға тәуелсіз директорлардың тұрақты тұратын жерінен тыс (жол жүру, тұру) өткізілетін Директорлар кеңесінің отырысына баруға байланысты шығыстар өтеледі.

Компания Директорлар кеңесі, оның Кеңес комитеттері қызметінің тиімділігіне сыртқы баға берді және 2018 жылдың қорытындысы бойынша директорлар қызметіне жеке баға берді. Бағалауды қазақстандық және халықаралық компаниялардағы директорлар кеңестерінің қызметін бағалауда айтарлықтай тәжірибесі бар Халықаралық қаржы корпора-

циясының (IFC) тәуелсіз сыртқы сарапшылары жүргізді.

Бағалау мақсаты Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі туралы объективті ақпарат алу, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жұмысына қосқан директорлардың жеке үлесін талдау, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмыс тәжірибесін дамыту бағыттарын анықтау болды.

IFC сарапшылары ұсынған әдіснама корпоративтік басқару саласындағы ең үздік тәжірибеге негізделді және Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, Корпоративтік хатшының қызметін бағалауды қамтиды.

Бағалау мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі міндеттер шешілді:

- ❖ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Корпоративтік хатшысының қызметі туралы өзекті ақпаратты талдау;
- ❖ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, оның комитеттері, Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы және менеджмент

арасындағы өзара іс-қимыл сапасын бағалау;

- ❖ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін ұйымдастыру тәсілдерін бағалау;
- ❖ Директорлар кеңесі қызметінің кейбір аспектілерін корпоративтік басқару саласындағы ең үздік халықаралық тәжірибемен салыстыру;
- ❖ сарапшылардың тұжырымдары мен ұсыныстары бар бағалау нәтижелері туралы есепті дайындау.

Бағалау процесі мыналарды қамтиды:

- ❖ Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының ішкі құжаттары мен хаттамаларын талдау;
- ❖ онлайн-сауалнама жүргізу кезінде құпиялылықты және тәуелсіздікті қамтамасыз ететін TopCompetence директорлар кеңестерін бағалау үшін мамандандырылған порталды қолдана отырып, бағалау қатысушыларына сауалнама жүргізу;

- ❖ Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелерімен, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен, Корпоративтік хатшымен сұхбат;
- ❖ бағалау нәтижелері туралы есепті дайындау және оны Директорлар кеңесінің отырысында қарау.

Сыртқы бағалау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметінің мықты тұстары мен даму бағыттары анықталды. Сарапшылар тәуелсіз директорлардың Директорлар кеңесі мен комитеттердің қызметіне қосқан елеулі үлесін, Директорлар Кеңесі Төрағасының жұмысын, менеджменттің Директорлар кеңесі тапсырмаларын орындаудағы жоғары тәртібін және Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің басқа да аспектілерін атап өтті. Бұдан басқа, сарапшылар келесі бағыттар бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірледі:

- ❖ Директорлар кеңесінің рөлі мен функциялары, Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл;

- ❖ стратегия және қызмет тиімділігін басқару;
- ❖ Директорлар кеңесінің құрамы және тәуелсіз директорлардың рөлі;
- ❖ Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру саясаты;
- ❖ Директорлар кеңесінің отырысы;
- ❖ Директорлар кеңесі мүшелерінің өзара іс-қимылы;
- ❖ Директорлар кеңесінің төрағасы;
- ❖ Корпоративтік хатшы;
- ❖ Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің құрамы және жұмыс тәртібі.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуге негіз болды.

БАСҚАРМА

Басқарма Компанияның атқарушы органы болып табылады және төрт мүшеден тұрады.

Басқарма қызметі Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 2 шешімімен бекітілген Басқарма туралы Ережемен реттелген (бұрын Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 13 сәуірдегі № 7 шешімімен бекітілген Басқарма туралы ереже қолданылды).

Басқарма Директорлар кеңесіне, сондай-ақ Жалғыз акционерге есеп береді және Компанияның күнделікті қызметіне басшылық етеді, Даму стратегиясын, даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Компанияның жарғысымен Компанияның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма отырыстары тұрақты түрде өткізіледі, сондай-ақ қажеттілігіне қарай Басқарма мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы шешімдер қабылданады. Әрбір мәселені қарау кезінде жеке талқылау шешім қабылдауға/қабылдамауға және олардың Компанияның рентабельді қызметіне әсеріне байланысты тәуекелдерге арналады. Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді Басқарма компанияның жарғысына сәйкес алдын ала қарастырады және мақұлдайды.

Басқарма күн тәртібінің мәселелері бойынша мынадай тәсілдермен шешімдер қабылдайды: Басқарма мүшелерінің отырыста дауыс беруі (іштей); Басқарма мүшелерінің сырттай дауыс беруі (Басқарма отырысын өткізбей); екі дауыс беру нысандарынн біріктіру (аралас дауыс беру) арқылы.

2018 жылы Басқарма 60 күндізгі отырыс өткізді және Басқарма мүшелерінің сырттай дауыс беруі арқылы 43 шешім қабылдады, барлығы 530 мәселе қаралды.

2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ



Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы

Басқарма Төрағасы

Жұмыс тәжірибесі: 2016 жылдың қыркүйек айында Басқарма Төрағасы болып тағайындалды. Бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ-та әртүрлі лауазымдарды атқарған, «Каспиан Энерджи Инк», «AsiaCredit Bank» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Арал Петролеум Кэпитал» ЖШС вице-президенті, «Отан «АЖЗҚ» АҚ-тың Басқарма төрағасы болды.

Білімі: жоғары (экономикалық):

- ❖ University of Nottingham (Ұлыбритания);
- ❖ Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті (Алматы қ.).



Жүсіпов Мәжит Ғалымжанұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Жұмыс тәжірибесі: 2018 жылдың желтоқсанында Компанияның Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Бұрын ҚР қаржы секторында әртүрлі лауазымдарды атқарған, оның ішінде ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі «Экономикалық зерттеулер институты» РМК, «Нұрбанк» АҚ, «БТА банкі» АҚ, «Астана - Финанс» АҚ, «AsiaCreditBank» АҚ, «Азия Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ жұмыс істеген.

Білімі: жоғары (экономикалық).



Дықанбаева Әсел Маратқызы

Басқарма Төрағасының Орынбасары

Жұмыс тәжірибесі: 2017 жылдың мамыр айында Компанияның Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Бұрын «БТА Банкі» АҚ, «AsiaCredit Bank» АҚ, «AB Legal» ЖШС әртүрлі лауазымдарды атқарған.

Білімі: жоғары (экономикалық), Дж. Хопкинс университеті қолданбалы экономика магистрі дәрежесі бар.



Акчурин Айсұлтан Әнуарұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Жұмыс тәжірибесі: 2018 жылдың наурыз айында Компанияның Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Бұрын Саратов механикаландыру және автоматтандыру институтында, Еуразия жүйелі зерттеулер институтында, «Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры АҚ, «ЖМҚ Менеджмент» ЖШС, «Қазақстан тұрғын үй-құрылыс корпорациясы» АҚ, «FracJet» ЖШС, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ түрлі қызметтер атқарған.

Білімі: жоғары (техникалық, заңгерлік).

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ

Басқарма мүшелерінің сыйақысы келесі бөліктерден тұрады:

- ❖ лауазымдық жалақы;
- ❖ мемлекеттік мерекелерге арналған сыйақылар;

- ❖ есептік кезеңдегі қызмет нәтижелері бойынша сыйақылар.

Басқарма мүшелеріне берілген сыйақы сомасы 2018 жылы 106,7 млн теңгені (салықтар мен өзге де міндетті аударымдарды алып тастағанға дейін) құрады.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

СКомпанияның ішкі аудит қызметі (әрі қарай – ІАҚ) кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде ІАҚ туралы ережені және ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін басшылыққа алады.

ІАҚ қаржы-шаруашылық қызметті бақылады, Компания қызметін жетілдіруге және компанияны, оның ішінде тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған тәуелсіз ақылға қонымды кепілдіктер мен кеңестер беруді жүзеге асырады.

ІАҚ басшысы мен қызметкерлері Аудит жөніндегі комитеттің ұсынысы (ұсынымы) бойынша Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

ІАҚ қызметі Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2018 жыл ішінде ІАҚ бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес аудиторлық тапсырмаларды орындады. Барлық ұсыныстар маңыздылығы бойынша бағаланды, оларды орындау үшін қажетті шаралар ұсынылды және оларды іске асыруға жауапты тұлғалар тағайындалды.

2018 жылы келесі нысандар (бизнес-процестер, жүйелер, рәсімдер және басқалар) аудитпен қамтылды:

- ❖ әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін сақтау және оларды мониторингілеу тетігі;
- ❖ 2017 жылғы Компания қызметінің бекітілген негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу;
- ❖ орта және ұзақ мерзімді жоспарлау, бюджетті бекіту және мониторингілеу;
- ❖ талап-арыз қызметі;
- ❖ алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі;
- ❖ тиімді басқару жүйесі;
- ❖ органдар/комитеттер хатшылығының рәсімдері;
- ❖ мемлекеттік бағдарламалар және жеке жалға беру, жеке бағдарлама бойынша ипотекалық кредит беру және талап ету құқықтарын сатып алу шеңберінде жалға берілетін тұрғын үйлерді сату;
- ❖ ипотекалық қарыздарды субсидиялау;
- ❖ қарыз алу, облигациялар шығару және инвестициялау бойынша операцияларды жүзеге асыру тиімділігі;
- ❖ компанияның Нұр-Сұлтан қаласындағы өкілдігінің қызметі;
- ❖ Компаниядағы сатып алуды жүзеге асыру рәсімдері.

Сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен әдістемелерге сәйкес ішкі аудит және корпоративтік стандарттар саласындағы қызметтің жалпы қабылданған стандарттарын пайдалану арқылы ішкі бақылау жүйесінің және Компанияның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау жүргізілді.

2018 жылы жүргізілген аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша 253 анықталды, оның 165-і орындалды, 4-еуі орындалмады, 84-ін орындау мерзімі әлі келмеді.

ІАҚ ұсынымдарын іске асыру мақсатында Компания түзету және алдын алу іс-қимылдарының жоспарын әзірлеуде, олардың орындалуын ІАҚ тоқсан сайын қадағалайды.

2018 жылы ІАҚ Ішкі аудитті қамтамасыз ету және сапасын арттыру бағдарламасына сәйкес ішкі аудит қызметінің сапасына ішкі бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізді. Өзін-өзі бағалау нәтижелері ІАҚ қызметі сапасының белгіленген негізгі нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізілгендігін көрсетті.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫ



ІАҚ қызметі жалпы ішкі аудитті айқындауға, Әдеп кодексіне және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына, сондай-ақ ІАҚ

қызметін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес келеді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Компанияда тәуекелдерді басқару тәуекелдерді сәйкестендіру, өлшеу, бақылау және мониторингілеу компоненттерінен тұратын тұрақты, қарқынды және үздіксіз процесс болып табылады. Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің регламентіне сәйкес Компания тәуекел-тәбет компоненттеріне (капиталдың жеткіліктілігі, рентабельділік және өтімділік) лимиттерді белгілейді. Оның Компания стратегиясына, бизнес-ортаға және мүдделі тараптардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында тәуекел-тәбеттің лимиттерін Компанияның Директорлар Кеңесі белгілейді.

Компанияның Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға (стратегиялық тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, Операциялық тәуекелдер, құқықтық тәуекелдер), тәуекелдердің лимиттерін белгілеуге және тиісті түрде басқаруға, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Басшылық тәуекелдерді басқару жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне жауапты.

Сыртқы және ішкі тәуекел факторлары Компанияның ұйымдық құрылымы шеңберінде

сәйкестендіріледі және басқарылады. Тәуекел факторларының барлық тізбесін анықтау үшін пайдаланылатын тәуекелдер картасына ерекше назар аударылады және тәуекелдерді төмендету бойынша ағымдағы рәсімдердің жеткіліктілік деңгейін анықтау үшін негіз болады. Компания жыл сайын сыни тәуекелдер мен олардың индикаторларын бөле отырып, тәуекелдер тіркелімі мен картасын жасайды, Компанияның Директорлар кеңесі жан-жақты қарастырып, бекітетін осы тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Оған қоса Холдингтің тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесі шеңберінде тоқсан сайынғы негізде тәуекелдерді бағалау әдістемелеріне сәйкес Компанияның қызметіне тән тәуекел түрлері бойынша ақпаратты жинайды және шоғырландырады.

Тәуекелдің әрбір түрі бойынша Компанияның ішкі капиталын есептеу және Компанияның барлық тәуекелдерін өтеуге арналған қолда бар меншікті капиталмен салыстыру үшін одан әрі агрегациялау мақсатында оның сандық бағалауы жүргізіледі.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компания тұрақты түрде Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен Стратегия мен даму жоспары қызметінің ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттары мен негізгі көрсет-

ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Кредиттік тәуекелдерді басқару кезінде 2018 жылы үш тәуекел аймағы бөлінді: ипотекалық қарыздар, қаржылық жалдау және уақытша бос ақша қаражатын басқару.

Кредиттік тәуекелдерді азайту үшін скоринг және белгіленген нормативтік коэффициенттер негізінде кредиттік және жалға беру өтінімдерінің андеррайтингі, контрагент-банктердің қаржылық жай-күйіне талдау жүргізу арқылы олардың ең жоғары лимиттерін белгілеу және бақылау, күтілетін кредиттік шығындарды модельдеу және оларға резервтер құру сияқты іс-шаралар мен рәсімдер кешені қолданылды.

Компания валюталық тәуекелдерді басқаруда консервативтік саясатты ұстанады және белгіленген лимитке сәйкестігі тұрғысынан ашық валюталық позицияға үнемі мониторинг жүргізеді.

Пайыздық тәуекел Компанияның орналастырылған пайыздық активтерін қайтару/қайта

кіштеріне қол жеткізуге әсер етуге қабілетті барлық тәуекелдерді талдау мен бақылауға ерекше көңіл бөледі.

бағалау мерзімдері және тартылған пайыздық міндеттемелері сәйкес келмеген кезде пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықтан шығындардың туындау ықтималдығына байланысты.

Пайыздық тәуекелге ұшырағыштықты бақылау үшін Компания пайыздық ГЭП (GAP – талдау) құралын пайдаланады, оның мақсаты – пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі салдарынан таза гәп-позицияның пайыздық тәуекеліне (пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімтал пайыздық активтердің және пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне сезімтал пайыздық міндеттемелердің арасындағы айырмашылық) ұшырағыштығы қанша уақыт аралығында пайда болатынын анықтау. Сондай-ақ Компания белгілі бір облигация және тұтастай алғанда, облигациялар қоржыны бойынша модификацияланған дюрация есебін пайдалану арқылы бағалы қағаздар қоржынының (борыштық) пайыздық тәуекеліне ұшырағыштығын бағалауды жүзеге асырады.

Компания өтімділікті жоғалту тәуекелін өтімділіктің жетіспеушілігін жою жөніндегі шараларды қолдана отырып, активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдеріндегі теңгерім-

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДЕР

Компания құқықтық және комплаенс-тәуекелдерді қолайсыз салдардың, оның ішінде шығыстар мен Қазақстан Республикасының заңнамасын, ережелерді, реттеуші талаптарды, ішкі рәсімдер мен саясаттарды, сондай-ақ этикалық стандарттарды, оның ішінде нарықтағы тәртіпті, мүдделер қақтығысын реттеу, клиенттерге кеңес беру және қызмет көрсету бойынша бұзу немесе орындамау

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Операциялық тәуекелді басқарудың мақсаты операциялық шығындарды төмендету, шығыстарды ұтымды ету, сондай-ақ уақытты азайту және бақылаудан тыс оқиғаларға ден қоюдың барабарлығын арттыру арқылы Компанияның операциялық тиімділігін оңтайландыру болып табылады.

Компания келесі құралдар арқылы операциялық тәуекелді басқарады:

- ❖ операциялық тәуекелдер санатына жататын оқиғаларды Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері әрбір оқиға бойынша операциялық

сіздіктердің мониторингі арқылы басқарады. Компания мұндай позициялардың мониторингін тұрақты түрде өткізеді және ықтимал алшақтықтарды жоюды қамтамасыз етеді.

салдарынан компанияның іскерлік беделіне теріс әсердің туындау ықтималдығы ретінде айқындайды. Сондай-ақ комплаенс-бақылау қызметі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы бақылауды жүзеге асыруға жауапты бөлімше болып табылады.

тәуекелдерді басқару бойынша ұсынымдарды әзірлейтін уәкілетті органда қарастыра отырып, операциялық тәуекелдер оқиғаларының электрондық дерекқорын толтыру арқылы жіктеу;

- ❖ операциялық тәуекелдерді іске асыруға байланысты нақты шығындарды салыстыра отырып, операциялық тәуекелге сәйкес капитал резервін есептеу;
- ❖ операциялық тәуекелдер бойынша есептілік мониторингі.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

2018 жылы 9 «Қаржы құралдары» халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) көшу мақсатында Компания қаржы құралдарының құнсыздануы бойынша әдістеме мен модельді әзірлеу іс-шараларының кешенін өткізді. Осы іс-шаралардың нәтижелері бой-

ынша 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қаржы құралдары бойынша күтілетін кредиттік шығындарды есептеудің статистикалық үлгілері әзірленді және енгізілді.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Компанияның ішкі бақылау жүйесі жалпыға белгілі қағидаттарды, ережелерді, үздік тәжірибелерді ескере отырып ұйымдастырылған және үш қорғаныс желісін ұсынады.

Ішкі бақылауды қорғаудың бірінші желісін Компанияның құрылымдық бөлімшелері қамтамасыз етеді. Бақылауларды құрылымдық бөлімшелер әзірлейді және бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Ішкі бақылауды ұйымдастыруды, бақылауды, мониторингті құрылымдық бөлімшелердің басшылары жүзеге асырады.

Екінші қорғау желісі Тәуекел-менеджмент департаменті, Заң департаменті, Комплаенс-бақылау қызметі және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Компанияның өзге құрылымдық бөлімшелері сияқты құрылым-

дық бөлімшелерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейді, түрлі құрылымдық бөлімшелермен қамтамасыз етіледі.

Үшінші қорғау желісі Компанияда ішкі бақылаудың жалпы жүйесінің тиімділігін бағалауды қамтамасыз ете отырып, қорғаудың бірінші және екінші желілерін жабатын аудиторлық тексерулер жоспары шеңберінде ішкі бақылау ортасының тиімділігін тәуелсіз растау функциясын білдіреді.

2018 жылы Компанияның бизнес-үдерістерін реинжинирингтеу шеңберінде Компанияның стратегиялық мақсаттарына және негізгі бизнес-үдерістерге назар аударуға сәйкес бизнес-үдерістер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасының құрылымы өзектендірілді және жетілдірілді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Компанияда мерзімдік негізде тәуекелдерді басқару жүйесінің (әрі қарай – ТБЖ) және ішкі бақылау жүйесінің (әрі қарай – ІБЖ) тиімділігін бағалау жүргізіледі. Бағалауды Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Ішкі аудит қызметі жүргізеді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН САҚТАУ

Компания корпоративтік басқаруды өз қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп берушілікті қамтамасыз ету, беделін нығайту және капиталды тартуға арналған шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады.

2018 жылы Компания өз жұмысында Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ Жалғыз акционердің 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 31/15 шешімімен бекітілген Компанияның корпоративтік басқару кодексінде белгіленген Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, Компанияны Директорлар кеңесі мен Басқарма-

ның тиімді басқаруы, Компанияның дербес қызметі, Компанияның қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі, заңдылық пен әдеп, тиімді дивидендтік саясат, тиімді кадрлық саясат, қоршаған ортаны қорғау, корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын әділ реттеу, жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алады.

2018 жылдың нәтижелері бойынша Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау туралы есепке сәйкес Компания қызметі Кодексте белгіленген барлық қағидаттарға сәйкес келді.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

2015 жылғы 9 сәуірде Директорлар кеңесі Компанияның корпоративтік қақтығыстары мен мүдделер қақтығысын реттеу бойынша саясатты бекітті (№4 отырыс хаттамасы).

Саясат корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу рәсімдерін, оларды уақытылы анықтау және корпоративтік қақтығыстардың алдын алу, сондай-ақ корпоративтік жанжал немесе мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындау мүмкіндігі болған жағдайда барлық органдардың іс-қимылдарының нақты үйлестірілуін айқындайды.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Компанияның қызметкерлері мүдделер қақтығыстары мен корпоративтік жанжалдарға жол бермей, Компания мен Жалғыз акционердің мүддесіне тиісінше қамқор болып, сақтықпен қарап, өздерінің кәсіби функцияларын адал және ақылмен жүзеге асырады.

2018 жылы корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығыстары болған жоқ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ



2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

КІРІС НЕМЕСЕ ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

АҚШАЛАЙ ҚАРЖЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

ПҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР



	Ескертпе	2018 ж. мың теңге	2017 ж.* мың теңге
Тиімді мөлшерлеме әдісін қолданумен есептелген пайыздық кірістер		8,781,322	9,546,509
Басқа да пайыздық кірістер		8,415,454	6,449,233
Пайыздық шығындар		(7,381,735)	(6,280,876)
Таза пайыздық кіріс	6	9,815,041	9,714,866
Комиссиялық кірістер		3,857	2,549
Комиссиялық шығыстар		(201,252)	(219,095)
Таза комиссиялық шығын		(197,395)	(216,546)
Шетелдік валютамен операциялардан таза шығын		(4,418)	(18,437)
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланған инвестициялық бағалы қағаздармен операциялардан түскен таза пайда		142,692	-
Өзге де операциялық кірістер		396,503	686,679
Операциялық кіріс		10,152,423	10,166,562
Қаржы құралдарының құнсыздануынан болған шығындар	7	(921,017)	(2,019,839)
Персонал бойынша шығындар	8	(1,567,700)	(1,619,826)
Жалпы және әкімшілік шығындар	9	(1,421,566)	(1,615,460)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді танудың тоқтатылуынан болған шығын	25(в)	(427,226)	-

	Ескертпе	2018 ж. мың теңге	2017 ж.* мың теңге
Табыс салығын есептен шығарғанға дейінгі пайда		5,814,914	4,911,437
Табыс салығы бойынша шығын	10	(1,195,768)	(1,216,314)
Бір жылдағы пайда		4,619,146	3,695,123
Табыс салығын шегергеннен кейінгі басқа да жиынтық кіріс (залал)			
<i>Кейіннен жіктелген немесе кейіннен пайдаға немесе залалға қайта жіктелуі мүмкін тармақтар:</i>			
Сату үшін қолда бар қаржы активтері үшін қайта бағалау резерві - -Әділ құндағы таза өзгеріс		-	(160,586)
Пайдаға салынатын салықты төмендететін басқа жиынтық кіріс (залал)		-	(160,586)
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық табыс		4,619,146	3,534,537
Акцияға шаққандағы негізгі және таратылған пайда, теңгеде	24(д)	760	621

9-дан 99-ға дейінгі беттерде ұсынылған қаржылық есептілікті 2019 жылғы 28 ақпанда басшылық мақұлдады және оның атынан қол қойғандар:

А.Б. Мухамеджанов.
Басқарма
төрағасы

Сагимкулова Б.Д.
Басқарушы
директор

Токтаркожа А.Т.
Бас бухгалтер

* Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан 9 ХҚЕС қолдана бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді. 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір тармақтар ұсынылған тәртіпті өзгертіп, салыстырмалы деректерді ұсыну сәйкесінше өзгертілді (5-ескертпені қараңыз).

	Ескертпе.	2018 ж. мың теңге	2017 ж.* мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	11	45,903,390	21,800,196
Банктер мен өзге қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер	12	2,402,821	6,109,035
Инвестициялық бағалы қағаздар:			
- Өзгерістер пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатындар	13	4,764,226	-
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар	13	12,119,171	-
Сату үшін қолдағы қаржылық активтер	13	-	9,234,246
Клиенттерге берілген кредиттер	14	43,066,563	50,049,179
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	15	141,153,096	117,838,422
Ағымдағы салық активі		2,045,362	2,645,992
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға және салуға төленген аванстар	16	972,687	3,746,747
Қаржылық жалдау шарттары бойынша беруге жататын активтер	17	5,180,554	7,652,924
Аяқталмаған құрылыс	18	5,643,479	23,475,511
Негізгі құралдар		2,129,083	2,173,139
Инвестициялық меншік		647,704	917,489
Өзге активтер	19	1,297,734	4,842,065
Жалпы активтер		267,325,870	250,484,945

	Ескертпе.	2018 ж. мың теңге	2017 ж.* мың теңге
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20	66,920,124	43,177,214
Өзге тартылған қаражаттар	21	31,320,645	29,832,799
Болашақ кезеңдердің кірістері	22	102,126,287	106,893,420
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	10	1,604,292	1,309,953
Өзге де міндеттемелер	23	3,467,988	10,462,066
Жалпы міндеттемелер		205,439,336	191,675,452
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал		63,313,800	63,313,800
Эмиссиялық кіріс		12,661	12,661
Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар		(2,597,522)	(2,597,522)
Қосымша төленген капитал		5,822,856	5,822,856
Резервтік капитал		2,734,447	2,734,447
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін қайта бағалау бойынша резерв		-	(1,366,764)
Жинақталған залал		(7,399,708)	(9,109,985)
Жалпы меншікті капитал		61,886,534	58,809,493
Жалпы меншікті капитал және міндеттеме		267,325,870	250,484,945

* Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан 9 ХҚЕС қолдана бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді. 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір тармақтар ұсынылған тәртіпті өзгертіп, салыстырмалы деректерді ұсыну сәйкесінше өзгертілді (5-ескертпені қараңыз).

	2018 ж. мың теңге	2017 ж.* мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Алынған пайыздық кірістер	13,054,649	12,692,986
Төленген пайыздық шығындар	(4,893,531)	(3,446,024)
Алынған комиссиялық кірістер	3,874	2,345
Төленген комиссиялық шығыстар	(115,565)	(122,467)
Басқа кірістер бойынша түсімдер	291,068	955,228
Персоналға төленген шығындар	(1,547,831)	(1,494,124)
Төленген ортақ және әкімшілік шығындар	(1,265,085)	(1,566,594)
	5,527,579	7,021,350
Операциялық активтерді арттыру/азайту		
Банктер мен өзге қаржы институттарындағы шоттар мен депозиттер	3,654,403	(6,037,579)
Кезең ішінде пайда немесе залал құрамында көрсетілетін өзгерістермен әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері	1,846	-
Клиенттерге берілген кредиттер	7,537,021	5,827,827
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға және салуға төленген аванстар	-	632,760
Қаржылық жалдау шарттары бойынша беруге жататын активтер	(1,085,272)	(8,548,873)
Аяқталмаған құрылыс	(6,430,219)	(12,274,013)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	5,378,036	3,716,008
Өзге активтер	660,680	359,324
Операциялық міндеттемелерді (ұлғайту)/азайту		
Субсидиялар	(84,025)	-
Өзге де міндеттемелер	(4,850,022)	963,776
Табыс салығын төлеуге дейінгі операциялық қызметтен түскен (пайдаланылған) ақша қаражаттарының таза түсімі	10,310,027	(8,339,420)
Төленген табыс салығы	(33,067)	(456,890)
Операциялық қызметтен/(ке) ақшалай қаражаттың түсімі	10,276,960	(8,796,310)

	2018 ж. мың теңге	2017 ж.* мың теңге
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Амортизацияланған құн бойынша бағаланған инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(10,157,463)	-
Амортизацияланған құн бойынша бағаланған инвестициялық бағалы қағаздарды өтеу	3,218,541	-
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(95,332)	(132,079)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сату	71,059	158,017
Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражатты (пайдалану)/түсімдері	(6,963,195)	25,938
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу/өтеу	(7,920,500)	(9,599,700)
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түскен түсімдер	31,356,189	14,374,280
Шығарылған реттелген борыштық бағалы қағаздарды өтеу	-	(10,000,000)
Тартылған басқа қаражатты өтеу	(1,621,372)	(7,150,000)
Төленген дивидендтер	(1,108,575)	(926,802)
Акцияларды шығару	-	5,200,000
Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың түсімі (пайдалану)	20,705,742	(8,102,222)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаяуы)	24,019,507	(16,872,594)
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттары мен олардың баламаларына әсері	83,687	7,269
Жылдың басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	21,800,196	38,665,521
Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары (11-ескертпе)	45,903,390	21,800,196

* Компания 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 9 ХҚЕС қолдануды бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді. 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір тармақтар ұсынылған тәртіпті өзгертіп, салыстырмалы деректерді ұсыну сәйкесінше өзгертілді (5-ескертпені қараңыз).

Мың теңге	Акционерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған залал	Барлығы
2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша теңгерімдік қалдық	58,113,800	12,661	(2,597,522)	5,822,856	2,734,447	(1,206,178)	(11,878,306)	51,001,758
Жалпы жиынтық кіріс								
Жылдық табыс	-	-	-	-	-	-	3,695,123	3,695,123
Басқа да жиынтық табыс								
<i>Кейіннен жіктелген немесе кейіннен пайдаға немесе залалға қайта жіктелуі мүмкін тармақтар:</i>								
Сатуға болатын қаржы активтерінің өділ құнының таза өзгерісі	-	-	-	-	-	(160,586)	-	(160,586)

Мың теңге	Акционерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған залал	Барлығы
Жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	(160,586)	-	(160,586)
Жыл ішіндегі жалпы жиынтық табыс								
Тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген меншік иелерімен операциялар								
Акциялар шығару (24-ескертпе (а))	5,200,000	-	-	-	-	-	-	5,200,000
Жария етілген дивидендтер (24-ескертпе(б))	-	-	-	-	-	-	(926,802)	(926,802)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	63,313,800	12,661	(2,597,522)	5,822,856	2,734,447	(1,366,764)	(9,109,985)	58,809,493

Мың теңге	Акционерлік капитал	Эмиссиялық кіріс	Акционерлерден сатып алынған меншікті акциялар	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Жинақталған залал	Барлығы
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық*	63,313,800	12,661	(2,597,522)	5,822,856	2,734,447	(1,366,764)	(9,109,985)	58,809,493
2018 жылғы 1 қаңтардағы ХҚЕС қолдануды әсері (5-қосымша)	-	-	-	-	-	1,366,764	(1,800,294)	(433,530)
2018 жылғы 1 қаңтарға есептелген қалдық*	63,313,800	12,661	(2,597,522)	5,822,856	2,734,447	-	(10,910,279)	58,375,963
Жалпы жинытық кіріс								
Бір жылдық кіріс	-	-	-	-	-	-	4,619,146	4,619,146
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	-	4,619,146	4,619,146
Меншікті капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар								
Жария етілген дивидендтер (24-ескертпе (б))	-	-	-	-	-	-	(1,108,575)	(1,108,575)
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	63,313,800	12,661	(2,597,522)	5,822,856	2,734,447	-	(7,399,708)	61,886,534

* Компания 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 9 ХҚЕС қолдануды бастады. Салыстырмалы ақпарат таңдалған өтпелі әдістерге сәйкес қайта есептелмейді. 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану нәтижесінде Компания белгілі бір тармақтар ұсынылған тәртіпті өзгертіп, салыстырмалы деректерді ұсыну сәйкесінше өзгертілді (5-ескертпені қараңыз).



1. ЕСЕП БЕРУШІ ҰЙЫМ

(А) ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ 2000 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРХБ) 2000 жылғы 20 желтоқсандағы №469 Қаулысына сәйкес құрылды. Компанияның негізгі қызметі реттеуші органдардың лицензиясына сәйкес ипотекалық кредиттер бойынша талап ету құқықтарын сатып алу, қаржылық жалдау және ипотекалық кредит беру болып табылады. Компания сенімгерлікпен басқару, факторинг, форфейтинг және лизинг операцияларын қосымша жүзеге асыра алады.

2010 жылғы 12 сәуірде Компания кредит берудің банк операциясын жүргізу үшін №5.1.69 банктік лицензиясын алды.

Компания қызметі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен реттеледі.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 98. 2018 жылғы 26 қазанда Компанияның Директорлар кеңесі 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Компанияның Астана қаласындағы өкілдігін жабу туралы шешім қабылдады, сондай-ақ Астана қаласы Есіл аудандық Әділет басқармасының 2019 жылғы 03 қаңтардағы № 0008 бұйрығына сәйкес Компанияның Астана қаласындағы өкілдігі есептен шығарылды.

(Б) АКЦИОНЕРЛЕР

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі АҚ-ның («Бәйтерек» ҰБХ) АҚ) толық меншігіне

өтті. Компанияны ақырғы бақылайтын тарап Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

(В) ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ

Компания қызметін көбінесе Қазақстан Республикасының аумағында іске асырады. Тиісінше, дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстан экономикасы мен қаржы нарықтары Компания бизнесіне әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйе дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын әртүрлі түсіндіру тәуекелімен түйіндескен, әрі жиі өзгерістерге ұшырап отырады, бұлар басқа заңдық және қазыналық кедергілермен қосылып, Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Сонымен бірге 2015 жылғы Қазақстан теңгесінің құнсыздануы және әлемдік нарықтарда мұнай бағасының төмендеуі шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының айқынсыздығы деңгейін ұлғайтты.

Ұсынылып отырған қаржы есептілігі Компания қызметі мен қаржылық жағдайының нәтижелеріне қолда бар қаржы-шаруашылық қызметін жүргізу талаптарының тигізетін әсеріне басшылықтың берген бағасын көрсетеді. Шаруашылық қызметін жүргізудің кейінгі даму талаптары басшылықтың берген бағасынан өзгеше болуы мүмкін.

2. ЕСЕП НЕГІЗДЕРІ

(А) ҚОЛДАНЫЛАТЫН СТАНДАРТТАР

Осы қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындалды.

Бұл 9 ХҚЕС (IFRS) Қаржы құралдары талаптарына сәйкес дайындалған Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің бірінші жиынтығы. Есеп саясатының елеулі өзгерістері 3-ескертпеде келтірілген.

(Б) ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ БАҒАЛАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Қаржылық есептілік сату үшін қолда бар әділ құны бойынша көрсетілген қаржы активтерінен басқа, іс жүзіндегі шығындарды есепке алу қағидатына сәйкес әзірленді, оның өзгерістері сатуға арналған қолдағы қаржылық активтердің және кезең бойынша кіріс пен залалдың құрамында көрсетіледі.

(В) БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қаржы есептілігін ХҚЕС талаптарына сәйкес әзірлеу басшылықтан қолданылатын есеп саясаты қағидаттары мен көрсетілген сома активтеріне, міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін кәсіби пайымдауларды, есептік бағалар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Іс жүзіндегі нәтижелер көрсетілген есептік бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалау мен оның негізінде жатқан жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралып отырады. Бағалау түзетулер тиісті бағалаулар қайта қарасты-

рылған есептілік кезеңінде және олар туралы сөз қозғалатын кез келген келесі кезеңдерде танылады.

Пайымдаулар

Қаржы есептілігінде танылған сомаларға ең маңызды әсер ететін есеп саясатын қолдану кезінде қолданылатын пайымдаулар туралы ақпарат төмендегі ескертулерде ашып көрсетілген:

- ❖ Тек 2018 жылға қатысты қолданылады:
 - қаржылық активтерді жіктеу: қаржы активтері жүргізілетін бизнес-модельді бағалау және қаржы активінің шарттық талаптары тек негізгі борыштың төленуін және негізгі қарыздың өтелмеген қалдығы бойынша пайыздарды жіктеу – Ескертпе 3(д)(і);
 - бастапқы танудан кейін қаржы активінің кредиттік тәуекелінің едәуір ұлғаюы, ККЗ бағалау кезінде болжамды ақпараттарды қосу әдістемесін айқындау және ККЗ-ны бағалау үшін пайдаланылған үлгілерді таңдау және бекіту туралы критерийлерді белгілеу; – 4-ескертпе.

Бағалау болжамдары мен белгісіздігі

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікте елеулі түзетулер тудыруы мүмкін елеулі тәуекелі бар белгісіздікке қатысты жорамалдар мен бағалаулар туралы ақпарат төмендегі ескертулерде ашып көрсетілді:



- ❖ Тек 2018 жылға қатысты:
 - қаржы құралдарының құнсыздануы: болашаққа қатысты ақпаратты қосуды қоса алғанда, ККЗ-ның бағалау моделіне кіріс деректерін анықтау - 4-ескертту;
- ❖ 2018 және 2017 жылға қатысты:
 - клиенттерге берілген заемдар мен қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануы - 7-ескертту;
 - қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалау - 29-ескертпе.

(Г) ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ВАЛЮТА ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ ВАЛЮТАСЫ

Компанияның функционалдық валютасы теңге болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола тұра, Компания өткізетін көптеген операциялар мен оның қызметіне әсер ететін олармен байланысты жағдайлардың экономикалық мәнін ең жақсы түрде ашып көрсетеді.

Теңге осы қаржылық есептіліктің көрсетілетін валютасы болып табылады.

Теңгеде берілген барлық сандық көрсеткіштер, басқасы көрсетілмесе, жақын мыңға дейін ықшамдалған.

(Д) ЕСЕПТІК САЯСАТТЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕР ҰСЫНУ ТӘРТІБІН ӨЗГЕРТУ

Компания 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ХҚЕС 9 қолдана бастады (IFRS).

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап бірқатар жаңа стандарттар күшіне енді, бірақ олар Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді.

А. «Қаржылық құралдар» ХҚЕС 9 (IFRS)

9 ХҚЕС (IFRS) қаржылық емес активтерді сатып алу немесе сату үшін қаржы активтерін, қаржы міндеттемелерін және белгілі бір шарттарды тану және бағалау бойынша талаптарды белгілейді. Бұл стандарт 39 (IAS) Қаржы құралдары: тану және бағалау ХҚЕС (IAS) ауыстырады. 9 (IFRS) ХҚЕС талаптары 39 (IAS) ХҚЕС-ке айтарлықтай ерекшеленеді. Жаңа стандартта қаржы активтерін есепке алудағы және қаржылық міндеттемелерді есепке алудың кейбір аспектілерінде іргелі өзгерістер енгізіледі.

9 ХҚЕС-ке көшу нәтижесінде Компания сондай-ақ «Қаржылық есептілікті ұсыну» IAS Халықаралық стандартына түзетулер енгізді, оған сәйкес тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс пайдалар мен залалдар туралы есепте бөлек ұсынылуы тиіс. Бұған дейін компания қаржылық есептілікке ескертулерде осындай табыстың сомасын ашып көрсеткен.

Бұдан басқа, Компания 2018 жылғы ашып көрсетулерге қатысты 7 «Қаржы құралдары: ашып көрсету» ХҚЕС (IFRS) сәйкес түзетулерді қолданды, бұл түзетулер салыстырмалы ақпаратқа қолданылмайды.

Төменде Компанияның есеп саясатындағы 9 ХҚЕС (IFRS) қолдануынан туындайтын негізгі өзгерістердің қысқаша мазмұны берілген.

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді жіктеу

ХҚЕС (IFRS) 9 қаржы активтерін бағалаудың үш негізгі санатын көздейді: амортизацияланған құны бойынша басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе шығын арқылы. 9 (IFRS) ХҚЕС-ке сәйкес қаржы активтерін жіктеу негізінен қаржылық активті басқаратын бизнес-модель және осы актив бойынша шарттық ақшалай қаражаттардың қозғалысы негізінде анықталады. 39 (IAS) ХҚЕС-дағы қолданыстағы қаржы активтерінің санатын жоюды: өтеуге дейін ұсталатын, заемдар мен дебиторлық берешекке және сату үшін қолда бар. 9 ХҚЕС-ке сәйкес, стандартты қолдану аясындағы қаржы активі болып табылатын негізгі шартқа енгізілген туынды құралдар негізгі шарттан бөлінбейді. Оның орнына, бүкіл гибриді құрал оның жіктелуі үшін толығымен бағаланады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес қаржы активтерін жіктеуіне қатысты түсініктер 3-ескертпеде (д) (i) келтірілген.

ХҚЕС 9 (IFRS) ХҚЕС-те қолданылатын қаржылық міндеттемелерге қатысты 39 талапты айтарлықтай дәрежеде сақтайды. Бұл ретте, ХҚЕС 39 (IAS) белгілеген тәртіпке сай, оған сәйкес Компанияның қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құн ретінде жіктелген міндеттемелердің әділ құнындағы барлық өзгерістер рәсімге сәйкес пайда немесе залал арқылы көзделген 9 ХҚЕС-те (IFRS) ескерілген, бұл өзгерістер әдетте төменде көрсетілгендей:

- ❖ өздерінің кредиттік тәуекелінің өзгеруіне байланысты туындаған қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруінің бөлігі басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі; және
- ❖ әділ құнның өзгеруінің қалған бөлігі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Компания 9 ХҚЕС (IFRS) бойынша қаржы міндеттемелерін жіктеуге қатысты түсініктер 3-ескертпеде (д) (i) келтірілген.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

ХҚЕС (IFRS) 9 «күтілетін несиелік шығындардың» үлгісі бойынша 39 ХҚЕС (IAS) қолданылатын «келтірілген шығындар» моделін ауыстырады. Құнсыздануды бағалаудың жаңа үлгісі белгілі бір несие бойынша міндеттемелерге және қаржылық кепілдік шарттарға қолданылады, бірақ үлестік инвестицияларға қолданылмайды.

9 (IFRS) ХҚЕС бойынша несиелік шығындар 39 (IAS) ХҚЕС-тен бұрын танылады. Құнсыздануды бағалау үшін 9 (IFRS) ХҚЕС талаптарын қолдану тәсілі 3-ескертпеде (д) (iv) келтірілген.

Жаңа стандартқа өту

9 ХҚЕС (IFRS) қолдану нәтижесінде есеп саясатына өзгерістер төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жалпы ретроспективті қолданылады.



- ❖ Компания қаржы құралдарын жіктеу және бағалаудағы (құнсыздануды қосқанда) өзгерістер бөлігінде алдыңғы кезеңнің салыстырмалы деректерін қайта есептемеуге мүмкіндік беретін босатуды пайдаланады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес құралдардың бұрынғы теңгерімді құны мен олардың теңгерімдік құны арасындағы айырмашылық, жалпы жағдайда, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша бөлінбеген пайда мен резервтер құрамында танылатын болады. Сәйкесінше, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай және аталған күні аяқталған жыл бойынша ұсынылған ақпарат ХҚЕС 9 (IFRS) талаптарын көрсетпейді, сондықтан оны 2018 жылғы 31 желтоқсандағы және аталған күні аяқталған жылдағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарымен салыстыруға келмейді. Компания босатудың артықшылығын пайдаланып, салыстырмалы кезеңдердегі деректерді қайта есептемеуге мүмкіндік берді, бірақ 9 ХҚЕС (IAS) ХҚЕС-ке енгізген түзетулерді «тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық табысты» бөлек кірістер мен шығыстар туралы есепте және басқа да жиынтық кірістерде Компания салыстырмалы деректерді тиісінше өзгертуді жүргізді: әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес борыштық қаржылық активтер бойынша

пайыздық кіріс кірістер мен шығыстардың есебінен және қаржы лизингі бойынша таза инвестициялар «пайыздық кіріс» тармағынан қайта топтастырылған және «басқа да пайыздық кіріс» тармағында ұсынылған, 2017 жылы «пайыздық кіріс» тармағының атауы «әдіс бойынша есептелген пайыздық кіріс» тиімді пайыздық мөлшерлеме болып табылады.

- ❖ Алғашқы қолдану күнінде болған фактілер мен жағдайлардың негізінде келесі бағалар жасалды:
 - Қаржылық активі бар бизнес-модельді анықтау;
 - Компанияның қалауы бойынша, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құнның сауда-саттығы үшін сатылмайтын үлестік құралдарға салынған инвестициялардың жіктелуі.
- ❖ Егер ХҚЕС 9 (IFRS) бастапқы қолдану күнінде борыштық бағалы қағаздар бойынша несиелік тәуекел төмен болса, онда Компания бастапқы танудан кейін активтің кредиттік тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы жоқ деп есептейді.

ХҚЕС 9 (IFRS) қолданудан туындайтын өзгерістер туралы қосымша ақпарат және осы өзгерістердің ықтимал салдары 5-ескертпеде көрсетілген.



В. ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша табыс»

ХҚЕС (IFRS) 15 кірісті тану, қандай мөлшерде және қашан болатындығын анықтаудың іргелі принциптерін белгілейді. «Пайда» 18 ХҚЕС (IAS), «Құрылыс шарттары» (IAS) 11 және тиісті түсініктемелерді ауыстырады.

Компания ХҚЕС (IAS) 8 ХҚЕС-ке сәйкес ретроспективті түрде 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 15 ҚЕХС (IFRS) қолдануды бастады. 15 ХҚЕС (IFRS) қолдану Клиенттермен жасалған шарттар бойынша Компанияның комиссиялық табысын тану мерзіміне немесе комиссиялық кіріс сомасына әсер еткен жоқ.

3 ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

2-ескертпеде (д) сипатталған өзгерістерді қоспағанда, Компания аталған қаржылық есептілікте көрсетілген барлық есептік кезеңдерде бірізділікпен қолданды.

(А) ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ

Шетел валютасындағы операцияларды жасау күнінде қолданыста болған валюта бағамдары бойынша Компанияның тиісті функционалдық валютасына аударылады.

Есептік күнге шетелдік валютада көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есептік күндегі айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер бойынша операциялардан пайда немесе залал кезең ішінде тиімді пайыздық мөлшерлеме мен төлемдер бойынша есептелген сомаға түзетілген функционалдық валютадағы амортизацияланған құны мен шетел валютасындағы амортизацияланған құны арасындағы айырма

болып табылады, есептік кезеңнің аяғындағы айырбастау бағамы бойынша функционалдық валюта түрлендірілді.

Әділ құны бойынша бағаланатын шетелдік валютадағы номиналды ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құн анықталған күндегі бағам бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасында көрсетілген және нақты шығындар бойынша көрсетілетін ақшалай емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күнгі қолданыста болған бағам бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі.

Шетел валютасына аударудан туындайтын бағамдық айырмашылықтар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(Б) АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына ҚРҰБ мен басқа банктердегі банкноталар мен монеталар, бос қалдықтар («Ностро» типіндегі



шоттар), сондай-ақ Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелерін реттеу үшін пайдаланылатын және әділ құнның өзгеруінің елеулі тәуекеліне түспеген 3 айдан аз бастапқы өтеу мерзімі бар жоғары өтімділікті қаржылық активтері кіреді. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары қаржылық жағдайы туралы есепте амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

(В) ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын есептік саясат

Тиімді пайыздық мөлшерлеме

